

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ  
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР  
ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

**Көркемөнер мектептері мен өнер мектептеріне арналған  
«Компьютерлік сызу өнері және дизайн»  
пәні бойынша білім беру  
оқу бағдарламасы және әдістемелік ұсынымдары**

**Образовательная учебная программа и методические  
рекомендации по предмету  
«Компьютерная графика и дизайн»  
для художественных школ и школ искусств**

**Астана, 2016**

Көркемөнер мектептері мен өнер мектептеріне арналған «Компьютерлік сызу өнері және дизайн» пәні бойынша білім беру оқу бағдарламасы және әдістемелік ұсынымдары – «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Астана, 2016 ж., – 114 б.

Образовательная учебная программа и методические рекомендации по предмету «Компьютерная графика и дизайн» для художественных школ и школ искусств – РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования», Астана, 2016 г. – 114 с.

Құрастырушы-авторлар: Ганюк Николай Владимирович, Петропавл қаласы Көркемөнер лицейінің педагогі.

Авторы-составители: Ганюк Николай Владимирович, педагог Художественного лицея г. Петропавловска.

Рецензенттер: Квасных Галина Сергеевна, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік-Қазақстан мемлекеттік университетінің мектепке дейінгі және бастауыш оқыту теориясы мен әдістемесі кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты.

Корягина Ольга Васильевна, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік-Қазақстан мемлекеттік университетінің педагогика кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты.

Саржанова Айнагүл Николаевна, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік-Қазақстан мемлекеттік университетінің мектепке дейінгі және бастауыш оқыту теориясы мен әдістемесі кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты.

Рецензенты: Квасных Галина Сергеевна, заведующая кафедрой теории и методики начального и дошкольного образования Северо-Казахстанского государственного университета имени М. Козыбаева, кандидат педагогических наук.

Корягина Ольга Васильевна, доцент кафедры педагогики Северо-Казахстанского государственного университета имени М. Козыбаева, кандидат педагогических наук.

Саржанова Айнагуль Николаевна, доцент кафедры теории и методики начального и дошкольного образования Северо-Казахстанского государственного университета имени М. Козыбаева, кандидат педагогических наук.

«Компьютерлік сызу өнері және дизайн» пәні бойынша білім беру бағдарламасы және әдістемелік ұсынымдары көркемөнер мектептері мен өнер мектептерінің педагогтеріне арналған және оқытудың мақсатын, міндеттерін, мерзімін, мазмұнын, әр сынып бойынша бағдарламалық талаптарды, оқу пәнін игеруден күтілетін нәтижелерді, бағалау өлшемдерін, пәннің әдістемелік қамтамасыз етілуін анықтайды.

Образовательная программа и методические рекомендации по предмету «Компьютерная графика и дизайн» предназначена для педагогов детских художественных школ и художественных отделений детских школ искусств и определяет цель, задачи, сроки обучения, содержание, программные требования по каждому классу, ожидаемые результаты освоения учебного предмета, критерии оценок, методическое обеспечение предмета.

*ҚР БжҒМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК оқу-әдістемелік кеңесі ұсынады  
(2016 жылғы 5 мамырдағы № 2 хаттама)*

*Рекомендовано Учебно-методическим советом  
РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования»  
(протокол от 5 мая 2016 года №2)*

*©Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, 2016  
©Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования, 2016*

## Мазмұны

|  |    |
|--|----|
| 1. Түсінік хат   | 5  |
| 2. Даярлық сыныбы бойынша болжамды бағдарламалық талаптар                  | 6  |
| 3. Даярлық сыныбының оқу пәнінің мазмұны                                   | 7  |
| 4. Даярлық сыныбының білім беру бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер | 8  |
| 5. Бірінші сынып бойынша болжамды бағдарламалық талаптар                   | 9  |
| 6. Бірінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны                                    | 10 |
| 7. Бірінші сыныптың бағдарламаларын игеруден күтілетін нәтижелер           | 13 |
| 8. Екінші сынып бойынша болжамды бағдарламалық талаптар                    | 14 |
| 9. Екінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны                                     | 15 |
| 10. Екінші сыныптың бағдарламаларын игеруден күтілетін нәтижелер           | 17 |
| 11. Үшінші сыныптың болжамды бағдарламалық талаптары                       | 18 |
| 12. Үшінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны                                    | 20 |
| 13. Үшінші сыныптың бағдарламаларын игеруден күтілетін нәтижелер           | 22 |
| 14. Төртінші сынып бойынша болжамды бағдарламалық талаптар                 | 24 |
| 15. Төртінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны                                  | 25 |
| 16. Төртінші сыныптың бағдарламаларын игеруден күтілетін нәтижелер         | 26 |
| 17. Бейіндік сынып бойынша болжамды бағдарламалық талаптар                 | 27 |
| 18. Бейіндік сыныптың оқу пәнінің мазмұны                                  | 28 |
| 19. Бейіндік сыныптың бағдарламаларын игеруден күтілетін нәтижелер         | 30 |
| 20. Бақылау түрлері және бағдарламаны игеруден күтілетін нәтижелер         | 31 |
| 21. Бағдарламаны іске асыру шарттары                                       | 33 |
| 22. Әдістемелік ұсынымдар  | 33 |
| 23. Әдебиеттер   | 58 |

## Содержание

|     |  |     |
|-----|--|-----|
| 1.  | Пояснительная записка  | 60  |
| 2.  | Примерные программные требования по подготовительному классу       | 61  |
| 3.  | Содержание учебного предмета подготовительного класса              | 62  |
| 4.  | Ожидаемые результаты освоения программы подготовительного класса   | 63  |
| 5.  | Примерные программные требования по первому классу                 | 64  |
| 6.  | Содержание учебного предмета первого класса                        | 65  |
| 7.  | Ожидаемые результаты освоения программы первого класса             | 68  |
| 8.  | Примерные программные требования по второму классу                 | 69  |
| 9.  | Содержание учебного предмета второго класса                        | 70  |
| 10. | Ожидаемые результаты освоения программы второго класса             | 72  |
| 11. | Примерные программные требования по третьему классу                | 73  |
| 12. | Содержание учебного предмета третьего класса                       | 75  |
| 13. | Ожидаемые результаты освоения программы третьего класса            | 77  |
| 14. | Примерные программные требования по четвертому классу              | 79  |
| 15. | Содержание учебного предмета четвертого класса                     | 80  |
| 16. | Ожидаемые результаты освоения программы четвертого класса          | 81  |
| 17. | Примерные программные требования по профориентационному классу     | 82  |
| 18. | Содержание учебного предмета профориентационного класса            | 83  |
| 19. | Ожидаемые результаты освоения программы профориентационного класса | 85  |
| 20. | Виды контроля и критерии оценок результатов освоения программы     | 87  |
| 21. | Условия реализации программы                                       | 88  |
| 22. | Методические рекомендации  | 89  |
| 23. | Литература   | 113 |

## **Балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептері көркемөнер бөлімдерінің «Компьютерлік сызу өнері және дизайн» пәні бойынша білім беру бағдарламасы**

### **1. Түсінік хат**

1. Балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептері көркемөнер бөлімдерінің «Компьютерлік сызу өнері және дизайн» пәні бойынша білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - бағдарлама) оқытудың мақсатын, міндеттерін, мерзімін, мазмұнын, әр сынып бойынша бағдарламалық талаптарды, оқу пәнін игеруден күтілетін нәтижелерді, бағалау өлшемдерін, пәннің әдістемелік қамтамасыз етілуін анықтайды.

2. Бағдарламаның мақсаты: компьютерлік графика және дизайн арқылы тұлғаның шығармашылық дамуына әсер ету.

3. Бағдарламаның міндеттері:

1) білім алушыларға пән бойынша теориялық білім беру, алған білім, білік және дағдыларын практикада қолдануға үйрету;

2) білім алушыларға компьютерлік сызу өнері және дизайн құралдарын игерту арқылы визуалды бейнелерді құру қағидаттары, ережелері мен тәсілдері туралы білім беру;

3) компьютерлік сурет салу құралдарын және оларды шығармашылық өзін-өзі танытуда пайдалануға үйрету;

4) графикалық дизайнның тілін, оның ерекшеліктерін оқыту;

5) техникалық дағдыларын, дизайнерлік біліктерін жетілдіру;

6) білім алушылардың жаңа технологиялық ортадағы көркемдік-практикалық дағдыларын дамыту;

7) көркем орындауға және жобалау қызметіне деген қабілеттерін дамыту;

8) білім алушылардың визуалды мәдениетін, кеңістіктік елестетуін, көркемдік және ассоциативтік ойлауын, эстетикалық тәжірибесін дамыту.

4. Оқыту ұзақтығы - 136 сағаттық жүктемемен 4 жыл, даярлық сыныбындағы (10-11 жас) жылдық жүктеме - 102 сағат, мамандыққа бағдарлау сыныбында - 34 сағатты құрайды.

5. Топтардағы балалардың сандық құрамы - 8 адамнан кем емес және 15 адамнан көп емес.

6. Білім алушылар бағдарламаға сәйкес практиканы теориялық біліммен қатар алады. Білім алушылар техникалық тәсілдерді қамтитын білім мен дағдыларды жүйелі түрде жинақтайды.

7. Тапсырмалар әдістемелік бірізділік бойынша қарапайымнан күрделіге ауысады, ақырындап күрделендіріледі, жұмыс сапасына

қойылатын талаптар күшейтіледі.

## **2. Даярлық сыныбы бойынша болжамды бағдарламалық талаптар**

8. Даярлық сыныбының бағдарламасы компьютерлік сауатты меңгерудегі алғашқы тұрақты білім жүйесін қалыптастыруға бағытталған.

9. Компьютерлік графикаға оқыту кіріспе әңгімелесуден, балаларды пәнмен, оның мақсаттары мен міндеттерін, компьютерлік графика туралы, сурет салу тәсілдері, әдістері, сақтау, жұмысты ашу, жұмыс орнын даярлау және қауіпсіздік техникасы туралы түсініктермен таныстырудан басталады.

10. Оқытудың бұл кезеңіндегі графикалық бағдарламасы болып Paint қарапайым растр редакторы табылады.

11. Білім алушылар басқа пәндермен өзара байланыста пішін (формат), композициялық орналастыру, пропорция, ритм, перспектива туралы білім алады.

12. Оқу жылының ішінде даярлық сыныбында білім алушылар:

1) компьютерде жұмыс істеудің қауіпсіздік техникасын;

2) Бас мәзір, "Файл" мәзірі арқылы PAINT графикалық редакторын ашуды;

3) "Шығу" командасы арқылы файлды сақтамай жабуды;

4) графикалық планшеттің құрылымын;

5) графикалық планшете жұмыс істеу тәсілдерін;

6) құрал-саймандар тақтасымен жұмыс істеуді;

7) сурет файлын сақтауды;

8) «Қылқалам», «Құю», "Түсті таңдау", "Өшіргіш», «Бүріккіш», "Эллипс", "Тікбұрыш", "Дөңгелектенген тікбұрыш", "Сызық", "Кисық сызық", «Қарындаш», «Масштаб», «Көпбұрыш», "Жазба" құрал-саймандарын;

9) «Шығу», «Сурет» сурет атрибуты», «Көрсету. Бұру», «Созу», «Еңкейту», «Ерекшелену», «Көшіру», «Қою», «Көрсету», «Жазба», «Мәтін» командаларын;

10) сурет салу әдістерін;

11) тапсырмаларды кезеңмен орындауды;

12) пиксельді графика арқылы сурет салуды;

13) композиция қағидаттарын, жұмысты пысықтауды, композицияның негізгі элементтеріне бояу құюды, композицияны бөлшектеуді меңгереді.

13. Оқу жылының соңында білім алушылар берілген тақырыпта қорытынды жобаны орындайды.

### 3. Даярлық сыныбының оқу пәнінің мазмұны

14. Даярлық сыныбының оқу пәнінің мазмұны.

1-тақырып. Графикалық редакторға кіріспе. Бас мәзір арқылы PAINT графикалық редакторды ашу. "Файл" мәзірі. "Шығу" командасы арқылы файлды сақтамай жабу.

2-тақырып. Графикалық планшет - сурет салу құралы. Графикалық планшеттің қасиеттері. Жұмыстың амал-тәсілдері. Эргономикалығы. Графикалық планшеттің артықшылықтары.

3-тақырып. Негізгі құрал. "Сурет > Суреттің атрибуты" командасын үйрену. Құрал-саймандар тақтасымен жұмыс. Қылқалам, бояу құю құралдары. Іс-әрекетті жою. Ақ және қара түс палитрасы. Сурет файлын сақтау.

4-тақырып. Түстер палитрасы. Түстік реңктерді құру. "Түсті таңдау" құралын үйрену.

5-тақырып. Бағдарламаның құрал-саймандары. "Өшіргіш", "Бүріккіш" құралдарын үйрену. Сурет салу әдістері.

6-тақырып. Практикум. Жаңа идеяларды әзірлеу. Жемістің пішінін (форма) кезеңмен құру, түс құю, бүріккіш арқылы реңктерді түсіру, фон құру.

7-тақырып. Бағдарламаның құрал-саймандары. "Эллипс", "Тікбұрыш", "Дөңгеленген тікбұрыш" құралдарын үйрену. "Эллипс", "Тікбұрыш", "Дөңгеленген тікбұрыш" құралдарының қосымша мүмкіндіктері.

8-тақырып. Практикум. Ертегі қаласының жобасын әзірлеу. Тікбұрыш және эллипс құралдарының көмегімен ертегі қаласын салу.

9-тақырып. Бағдарламаның құрал-саймандары. "Сызық" құралын үйрену. "Қисық сызық" құралын үйрену. "Қисық сызық" құралын пайдалану тәсілдері.

10-тақырып. Практикум. Құмырада тұрған гүлдер. Сурет идеясын әзірлеу. Жобаны сатылап орындау: құмыра, гүлдерді артқы планда орналастыру және құмыраны алдыңғы планда орналастыру. "Қисық сызық", "Эллипс" құралдарының көмегімен құмыра жасау. "Қисық сызық" құралының көмегі арқылы құмыраны гүлдермен толтыру.

11-тақырып. Бағдарламаның құрал-саймандары. "Масштаб" құралын үйрену. "Масштаб" құралын пайланудың қажеттілігі. Біздің өміріміздегі масштаб.

12-тақырып. Практикум. Суреттің идеясын әзірлеу. Жазық пиксельді графика. "Стилизация" түсінігі. "Қарындаш", "Масштаб" құралдарының көмегі арқылы пиксельді графикамен сурет (жеміс, жануар, құс және басқа) салу.

13-тақырып. Практикум. Изометриялық пиксельді графика. Изометрия (көлем) түсінігі. Сурет идеясын әзірлеу (қорап, теледидар, үй). "Қарындаш", "Масштаб" құралының көмегі арқылы пиксельді графикамен сурет кескінін құру.

14-тақырып. Бағдарламаның құрал-саймандары. Табиғаттағы симметрия. Ерекшелену құралдары. "Көрсету/Бұру" командалары. "Көпбұрыш" құралын оқу. "Көпбұрыш" құралын пайдалану.

15-тақырып. Практикум. Табиғаттағы симметрия. Симметриялы сурет идеясын (қоңыз, көбелек, теңіз жұлдызшасы, гүл) әзірлеу. Алдында үйренген құралдардың көмегімен суреттің жартысын салу. Екі жартыдан тұратын симметриялық суреттерді құру.

16-тақырып. Бағдарламаның құрал-саймандары. "Созу (растянуть)", "Еңкейту (наклонить)" командаларын оқып-үйрену.

17-тақырып. Практикум. Өрнек. Ритм. Ритм түсінігі. Сурет құралдары және "Ерекшелену", "Көшіру", "Қою", "Көрсету" командаларын пайдаланып өрнек құру.

18-тақырып. Бағдарламаның құрал-саймандары. "Жазба" құралдарын зерделеу. Мәтіннің атрибуттар тақтасын зерделеу. "Мәтін" құралы, оның белгілерінің өзгеруі.

19-тақырып. Практикум. Құттықтау ашық хаттың идеясын әзірлеу. Зерделенген құралдардың көмегімен жазу жазылған құттықтау ашық хатын жасау.

20-тақырып. Композиция негіздері. Шығарма құрылымының құрылымдық қағидаттары. Композициямен жұмыстың кезеңдері. Композицияның түрлері. Кескіндерді пішімде жинақтау. Композиция құрудың негізгі қағидаттары.

21-тақырып. Қорытынды жоба. Ұсынылған тақырыпта түсті нобайды орындау. Альбомнан алынған суретті қайта салу арқылы нобайды графикалық ортаға ауыстыру. Композицияның негізгі элементтерін жасау және түс құю. Композицияның кемшіліктерін толықтыру, пысықтау. Нобайды сақтау және басып шығару. Қорытынды жоба.

#### **4. Даярлық сыныбының білім беру бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер**

15. Оқытудың соңында даярлық сыныбының білім алушылары келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

- 1) қауіпсіздік техникасын біледі;
- 2) компьютер құрылғыларының аталуын және функционалды мәнін, негізгі сипаттарын біледі;
- 3) жұмыс орнын дайындай алады;



- 4) бағдарламаның құрал-саймандарын, компьютерде сурет салудың тәсілдерін, әдістерін біледі;
- 5) "Өшіргіш", "Бүріккіш" құралдарының көмегімен сурет салу әдістерін біледі;
- 6) «Эллипс», «Тікбұрыш», «Дөңгеленген тікбұрыш», «Көпбұрыш» құралдарының көмегімен шығармашылық жұмыстарды құра алады;
- 7) «Сызық», «Қисық сызық» құралдарын пайдалану тәсілдерін біледі;
- 8) "Қарындаш", "Масштаб" құралдарының көмегімен бейнелердің пиксельді графикасын құра біледі;
- 9) «Көрсету \ Бұру», «Созу», «Еңкейту», «Ерекшелену», «Көшіру», «Қою», «Көрсету» командаларын біледі;
- 10) «Жазба», «Мәтін» құралдарын біледі;
- 11) пішім, пропорциялардың композициялық орналасуы, ырғақ, перспектива терминологиясын біледі;
- 12) жұмысты сақтауды және ашуды біледі;
- 13) графикалық планшетте жұмыс істей алады;
- 14) графикалық ортадағы жұмыс кезеңдерін біледі;
- 15) дербес компьютерде жұмыс істеу кезінде алған дағдыларын пайдалана алады;
- 16) үлгі бойынша шығармашылық жұмысты жүргізе алады;
- 17) Paint растр редакторында жұмыс істеу дағдыларын меңгерген;
- 18) Paint графика редакторында жұмыс істеу дағдыларына ие.

## **5. Бірінші сынып бойынша болжамды бағдарламалық талаптар**

16. Бірінші сыныпта бірінші оқу жылында алған білім, білік және дағдыларды бекіту жалғастырылады. Білім алушылар "графикалық редактор", "графикалық ортадағы түсті елестету", "жұмыстарды сақтауға арналған файлдардың пішімдері", "графикалық планшет" түсініктерімен танысады.

17. Білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескеріп, оқыту міндеттері күрделендіріледі. Бірінші сыныпта үйренген құралдардың көмегі арқылы графикалық редакторде суреттерді салу дағдыларын бекіту жалғастырылады.

18. Бірінші сыныптағы оқыту формасы осы жас үшін түсінікті болатындай етіп жүргізіледі. Тапсырмалар білім алушылардың жеке шығармашылық қабілеттерін, қиялын дамытады. Құралдарды үйрету сатылы түрде алған білім, білік және дағдыларын үнемі бекіте отырып жүзеге асырылады.

19. Сурет, кескіндеме, станокті композиция пәндерімен өзара байланысы негізінде білім алушылардың пішім, композициялық орналастыру, пропорция, ритм, перспектива туралы түсініктері бекітіледі.

20. Оқу жылының ішінде білім алушылар:

1) графикалық редакторды (редактордың жұмыс терезесін, мәзірдің ерекшеліктерін, жұмыс алаңын, құрал-саймандардың жиынтығын ұйымдастыруды, қасиеттер панелін, құжатты құруды);

2) компьютерлік графикадағы түсті (монитор экраны мен принтердегі түстік реңктерді);

3) RGB, CMYK түстік үлгілерін;

4) графикалық файлдардың пішіндерін;

5) векторлық пішіндерді;

6) растрлық пішіндерді;

7) «Қылқалам», «Өшіргіш», «Саусак» құралдарын қолдануды;

8) қылқаламдарды араластыруды баптау, араластыруды түрлі пайдалануды;

9) сурет салудың түрлі техникасына арналған Қылқаламды күйге келтіруді;

10) білім алушылардың өздерінің қылқаламдарын жасауы, оның баптауын (настройка) кітапханада сақтауды;

11) бояуды құруды;

12) сызықтық және әуелік перспективаларды құруды;

13) «Акварель, гуашь, пастель» техникасын;

14) растрлық графикалық редактордағы белгілеу құралдарын;

15) түрлі техникаларды имитациялауды;

16) қабаттармен жұмыс істеу негіздерін және қабаттардағы «Өшіру», «Орын ауыстыру», «Масштаптау», «Айналдыру», «Айналы бейнелеу», «Біріктіру», «Бекіту» операцияларын;

17) бейнелерді өңдеуді;

18) ақ-қара нобайдан түрлі-түсті нобай жасауды;

19) «Күю», «Градиент», «Ағарту», «Күңгірттендіру», «Сорғыш (Губка)», «Кескіннің бұзылуы», «Бояудың ашықтығы», «Кескін», «Нобай», «Имитация».

21. Оқу жылының ішінде білім алушылар ұсынылған тақырыптарда екіден төртке дейін ағымдық жобаларды орындайды.

Оқу жылының соңында білім алушы үйренген құралдарын пайдаланып, қорытынды шығармашылық жобасын орындайды.

## **6. Бірінші сыныптағы оқу пәнінің мазмұны**

22. Бірінші сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

1-тақырып. Графикалық редактор. Редактордың жұмыс терезесі. Мәзірдің ерекшеліктері. Құрал-саймандар жиынтығын ұйымдастыру. Қасиеттер панелі. Панельдер - қосымша терезелер. Бейнелерді түрлі масштабта көру. Құжатты құру.

2-тақырып. Компьютерлік графикадағы түстер. Монитор экранындағы және принтердегі (түстік модельдер) түстік реңктерді сипаттау. RGB түстер моделі. Монитор экранында өзінің жеке түстік реңктерін қалыптастыру. CMYK түстік моделі. Негізгі және фондық түстерді таңдау.

3-тақырып. Пішімдер (формат). Графикалық файлдардың пішімі. Векторлық пішімдер. Растрлық пішімдер. Бейнелерді стандартты пішімдерде, сондай-ақ графикалық бағдарламалардың өз пішімдерінде сақтау. Пішімдерді оқу, бейнелерді сақтау кезінде пішімдерді таңдау.

4-тақырып. Графикалық планшет - сурет салу құралы. Графикалық планшеттің қасиеттері. Жұмыс тәсілдері. Эргономиялық. Графикалық планшеттің міндеттері.

5-тақырып. Графикалық редактордың құрал-саймандары. Қылқаламды, өшіргішті пайдалану, сипаттамаларын баптау (настройка). Құрал-саймандарға бағдарламаларды енгізу. Өлшемдерді өзгерту.

Графикалық редактордың құрал-саймандары. Қылқаламдарды араластыруды баптау. Араластыруды түрлі қолдану. Сурет салудың түрлі техникаларына арналған қылқаламдарды баптау.

Графикалық редакторлардың құрал-саймандары. Өз қылқаламын құру. Қылқаламды сақтау. Қылқаламдар кітапханасын құру. Практикалық тапсырма: білім алушылардың өз қылқаламдарын құрып, олардың баптауын кітапханада сақтау.

Графикалық редактордың құрал-саймандары. "Саусақ" құралы. "Саусақ" құралын пайдалану тәсілдері мен амалдары. Боямаларды (подмалевка) құру. Жүнді имитациялау.

Графикалық редактордың құрал-саймандары. Перспектива туралы мәлімет, перспективаны салу мүмкіндіктері. Сызықтық және әуе перспективаларын құру.

Графикалық редактор бағдарламасының құрал-саймандары. Түрлі техникаларды имитациялау. "Акварель, гуашь, пастель" практикумы.

6-тақырып. Аралық жоба. Идеяны әзірлеу. Нобай. Нобайларды әзірлеу.

Аралық жоба. Нобайды графикалық ортаға түсіру. Нобайды графикалық ортаға түсіруге арналған бағдарламалық құралдарды пайдалану.

Аралық жоба. Түсті салу. Реңктер бойынша бөлу. Бағдарламалық құралдарды пайдалану.

Аралық жоба. Бөлшектерді пысықтау. Бағдарламалық құралдарды пайдалану.

Аралық жоба. Пысықтауды аяқтау. Орындалған жобаны аяқтау және А4, А3 пішімдерінде басып шығару.

7-тақырып. Аймақтарды ерекшелеу. Растрлық бағдарламалардағы аймақтарды ерекшелуде туындайтын мәселелер. Аймақтармен жұмыс.

Аймақтарды ерекшелеу. Ерекшеленудің түрлі құралдарын пайдалану. Орын ауыстыру және ерекшелеу шекараларын өзгерту. Бағдарламалық құралдарды пайдалану.

Аймақтарды ерекшелеу. Жұмыс істеу барысында ерекшеленуді пайдалану. Бағдарламалық құралдарды пайдалану. Жұмыс барысында ерекшелеу құралдарын пайдалану.

8-тақырып. Қабаттармен жұмыс істеу негіздері. Қабаттар түсінігі. Қабаттарда жасалынатын операциялар: жою, ауыстыру, өлшемдеу, айналдыру, айналы бейнелеу. Біріктіру, бекіту. Жұмысты құрамдас бөліктерге бөлу, қабаттар бойынша тарату.

Қабаттармен жұмыс істеу негіздері. Қабаттарды араластыруды баптау. Бағдарламалық құралдарды пайдалану.

9-тақырып. Кескіндерді өңдеу. "Құю", "Градиент" құралдары. Құю барысында бағдарламалық құралдарды пайдалану.

Кескінді өңдеу. Ағарту, күңгірттендіру, сорғыш құралдары. Ағарту, күңгірттендіру кезінде бағдарламалық құралдарды пайдалану. Түс, реңктер бойынша өңдеуге арналған құралдарды пайдалану.

Кескінді өңдеу. «Бейненің бұзылуы», «Ашықтық» құралдары. Кескінді өңдеуде бағдарламалық құралдарды пайдалану. Бейненің ашықтығын өңдеуге арналған бағдарламаларды пайдалану.

Кескінді өңдеу. «Кесу» құралы. Бейненің өлшемін өзгерту. "Кесу" құралының көмегімен бейнені өңдейтін бағдарламалық құралдары пайдалану. Ағымдағы кенептің өлшемін өзгерту.

Кескінді өңдеу. «Нобай» тобының фильтрі. Кескінді өңдеуде бағдарламалық құралдарды пайдалану. "Нобай" фильтрінің түрлері.

Кескінді өңдеу. "Имитация" тобының фильтрі. Кескінді өңдеуде бағдарламалық талаптарды пайдалану.

10-тақырып. Қорытынды жоба. Жоба идеясын әзірлеу. Нобайды әзірлеу.

Қорытынды жоба. Нобайды графикалық ортаға көшіру. Кескінді өңдеуде бағдарламалық құралдары пайдалану.

Қорытынды жоба. Түсті түсіру. Түсті түсіруде бағдарламалық талаптарды пайдалану. Ақ-қара нобайдан түрлі-түсті нобай құру.

Қорытынды жоба. Түстерге бөлу. Бағдарламалық құралдарды пайдалану.

Қорытынды жоба. Жобамен жұмыс. Бөлшектерді ірілеп пысықтау. Бағдарламалық құралдары пайдалану.

Қорытынды жоба. Жобамен жұмыс. Ұсақ бөлшектерді пысықтау. Бағдарламалық құралдарды пайдалану.

Қорытынды жоба. Талдап тексеруді аяқтау. Сақтау. Басып шығару. Бағдарламалық құралдарды пайдалану.

## **7. Бірінші сыныптың бағдарламаларын игеруден күтілетін нәтижелер**

23. Оқудың соңында бірінші сыныптың білім алушылары келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) компьютердегі ақпараттарды тасушылардың негізгі түрлерін, олардың сипаттамасын біледі;

2) CD-дискке, DVD-дискке, флеш-картаға немесе дискетке жазылатын жазудың көлемін біледі;

3) сурет салу құралы - графикалық планшетті, планшетте жұмыс істеу тәсілдерін біледі;

4) монитор экранында өздерінің жеке түрлі-түсті реңктерін қалыптастырады;

5) сурет салудың түрлі техникасына арналған "Қылқалам" құралын күйге келтіре алады;

6) "Саусақ" құралын пайдаланудың тәсілдері мен амалдарын біледі;

7) нобайды графикалық ортаға көшіре алады;

8) ерекшеленудің түрлі құралдарын пайдалана алады;

9) ерекшелену шекараларын ауыстыра алады және өзгерте алады;

10) қабаттармен жұмыс істеу негіздерін біледі;

11) қабаттарда жасалынатын операцияларды біледі, олар: өшіру, ауыстыру, өлшемдеу, айналдыру, айналы бейне, біріктіру, бекіту, жұмысты құрамдас бөліктерге бөлу, қабаттар бойынша бөлу;

12) "Күю", "Градиент", "Ағарту", "Күнгірттендіру", "Сорғыш" және түс, реңк бойынша пысықтауға арналған құралдарды пайдаланып, бейнелерді өңдей алады;

13) "Бейненің бұзылуы", "Ашықтық" құралдарын пайдаланып бейнелерді өңдей алады;

14) "Кесу" құралын пайдаланып бейнелерді өңдей алады;

15) "Нобай" фильтрінің түрлерін, "Имитация" тобының фильтрін біледі;

16) бейнелерді стандартты пішімдерде, сонымен қатар графикалық бағдарламалардың өз пішімдерінде сақтай алады;

17) түсті түсіру кезінде, ақ-қара нобайдан түрлі түсті нобай жасау кезінде бағдарламалық құралдарды пайдалана алады;

18) белгілі пішімде өздерінің жұмыстарын сақтайды және ашады;

19) шығармашылық жұмысты сатылап жүргізуді біледі.

## **8. Екінші сынып бойынша болжамды бағдарламалық талаптар**

24. 2-сыныптың бағдарламасы компьютерлік сауатты меңгерудегі алғашқы тұрақты білім жүйесін қалыптастыруға бағытталған. Мұнда білім алушылардың жас ерекшеліктері, олардың талдау жасау мүмкіндіктері, векторлық редакторда суретті салу дағдылары мен біліктері арқылы шығармашылық ойларын жүзеге асыру мүмкіндіктері ескерілген

25. Бірінші жартыжылдықта дайын бейнелерді түзету және ретушь жасау бойынша бағдарламаның арнайы мүмкіндіктері оқытылады. Білім алушылар түстік-реңктік қатынас, түстік тұтастық, композициялық орналастыру, пропорция, перспектива, монтаж, клипарт және коллаж түсініктерімен танысады.

26. Екінші жартыжылдықта білім алушылар векторлық графикалық редактормен танысады. Алғашқы кезеңде растрлық және векторлық графиканы салыстыру жүргізіледі, олардың ерекшеліктері мен пайдалану саласы оқытылады, векторлық редакторда суреттерді салу бойынша дағдыларды қалыптастыру үшін жағдай жасалынады. Векторлық редакторда сызықты құруға, тірек түйіндерінің түрлілігіне, құру нақтылығына ерекше көңіл бөлінеді.

27. Оқу жылының ішінде білім алушылар:

- 1) фото суреттерді өңдеуді (ретушь) біледі;
- 2) «Клондаушы штамп», «Жамау», «Архивті қалам» құралдары;
- 3) бейнелердің бөлшектерін қолмен ағарту және күңгірттендіруді, бейненің ашықтығын арттыру, бұзу және ашықтық фильтрлері, фото суретті кереғарлы өңдеуді;
- 4) портретті өңдеуді, ескі фотосуреттерді қайта өңдеуді;
- 5) реңктік және түстік түзетулерді, түстік және реңктік теңгерімді түзету, "Түстілік" режиміндегі қылқаламды;
- 6) дайын бейнелердегі түстерді қайта қалпына келтіру және өзгертуді;
- 7) монтаж, клипарт, бейнелерді біріктіру тәсілдерін;
- 8) коллаждау, түрлендіру (трансформация) тәсілдерін, реңктік теңестіруді;
- 9) векторлық графикалық редакторды;
- 10) нысандармен жұмыс істеудің негіздерін;
- 11) «Орын ауыстыру», «Көшіру», «Жою», «Айналы бейне», «Айналдыру», «Масштабтау» нысандарындағы операцияларды;

- 12) қалыптастыру нысандарын құруды, күрделі құрылымды нысандарды, тәсілдерін, нысандардың орналасу тәртібін топтастыруды, өзгертуді;
- 13) нысандарды біртекті, градиентті, өрнекті, текстурлы бояуды;
- 14) жұмыстың қосымша режимдерін;
- 15) суреттерді нақтылап салуға арналған құралдарды «Сызғыш», «Бағыттауыш», «Тор»;
- 16) нысандарды экранға шығару режимі: қаңқалы, қалыпты, жақсартылған;
- 17) нысандарды позициялау және орындарын ауыстыруды;
- 18) интерактивтілік әсерін;
- 19) көлемді бейнелерді алуға арналған «Сығу (Выдавливание) әдісін;
- 20) "Ағып кету (Перетекание)" әдісін;
- 21) шығыңқы және кіріңкі нысандарды құруды;
- 22) көркемдік әсерлерді алуды;
- 23) бұрмалау және олардың түрлерін, мөлдірлікті;
- 24) мәтінмен жұмысты, қаріп пен мәтінді ресімдеуді;
- 25) қарапайым және пішінді мәтіннің ерекшеліктерін;
- 26) қисық сызықтардан сурет құруды;
- 27) қисық сызықтардың маңызды элементтерін: түйнектер мен траекторияларды;
- 28) кіріктірілген модульдерді меңгереді.
- 29) Оқу жылының ішінде білім алушылар шығармашылық жобаларды орындайды.
- 30) Оқу жылының соңында білім алушы қорытынды шығармашылық жұмысты орындауы тиіс.

## **9. Екінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны**

28. Екінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны.

1-тақырып. Фотосуреттерді өңдеу. Фотосуреттерден кемшіліктерді алып тастау әдістері. Клондаушы штамп, жамау, архивті қылқалам құралдары. Бағдарламаның құралдарына кіріспе. Теориялық білімдерін практикада бекіту.

Фотосуреттерді өңдеу. Бейненің бөлшектерін қолмен ағарту және күңгірттендіру. Бейненің ашықтығын арттыру. Бағдарламаның құралдарына кіріспе. Шайылу және ашықтық фильтрлері. Фотосуреттерді кереғарлықпен өңдеу.

Фотосуреттерді өңдеу. Портреттік өңдеу. Өз бетімен өңдеу. Өңдеу құралдарының көмегімен ескі фотосуреттерді өңдеу. Өңдеу (ретушьтеу) туралы алған білімдерін практикада қолдану.

2-тақырып. Реңктік және түстік өңдеу. Бейненің реңктік диапазоны туралы түсінік. Пиксельдердің (гистограмма) ашықтығын бөлу кестесі. Реңктің гистограммасы. Түстік теңгерім. Түстер бойынша қисықтар. Фотосуреттердегі түстік және реңктік теңгерімнің өзгеруі. Реңктік және түстік түзетулерді баптау.

Реңктік және түстік өңдеулер. Түсті қалыпқа келтіру. Аймақтар бойынша түстік теңгерім. "Түстілік/Цветность" режиміндегі қылқалам. Түстің қылқаламы. Сегментті бояу. Дайын бейнелердегі түстерді қайта қалпына келтіру және өзгерту.

Реңктік және түстік түзету. Практикум - ақ-қара бейнелерді бояу. Ақ-қара фотосуреттердегі түстерді қалпына келтіру.

3-тақырып. Монтаж. Клипарт. Клипарт түсінігі. Дайын бейнелердің кітапханасы. Бейнелерді біріктіру тәсілдері. Бейне элементтерін біріктіру бойынша жұмыс.

Монтаж. Коллаждау тәсілдері. Түрлендіру. Реңктік теңдастіру. Коллаждау туралы алған білімдерін практикада қолдану.

Монтаж. Ұсынылған клипарттардан жеңіл монтажды құру.

4-тақырып. Аралық жоба. Жобамен жұмыс. Жоба идеясын әзірлеу. Нобайды әзірлеу.

Аралық жоба. Коллаждау элементтерін іздеу және дайындау. Коллаж элементтерін таңдау және дайындау.

Аралық жоба. Бейнелерді құру. Өңдеу. Реңктері бойынша қою. Орналастыру және кенептегі элементтерді пысықтау.

Аралық бақылау. Бөлшектерін пысықтау. Бағдарламалық құралдары пайдалану. Ұсақ бөлшектерін пысықтау.

Аралық жоба. Пысықтауды аяқтау. Жалпы түстік және реңктік түзету. Сақтау. Басып шығару. Сақтау және дайын жұмысты А4-А3 пішімінде басып шығару.

5-тақырып. Векторлық графикалық редакторға кіріспе. Жұмыс терезесі. Құрал-саймандар тақтасын ұйымдастыру. Қасиеттер тақтасы. Түстер палитрасы. Қалып-күй жолы.

6-тақырып. Нысандармен жұмыс істеу негіздері. Практикум. Дайын нысандарды салу. Нысандарды ерекшелену. Орын ауыстыру, көшіру, жою, айналы бейне, айналдыру нысандарындағы операциялар. Масштабтау.

Нысандармен жұмыс істеу негіздері. Нысандарды құру, өзгерту және баптау. Нысандарды қалыптастыру арқылы құру. Тәсілдері. Топтастыру. Нысандардың орналасу тәртібін өзгерту.

7-тақырып. Суреттерді бояу. Нысанды бояу (күю). Біртектес, градиентті, өрнекті және текстурлы күю.

8-тақырып. Жұмыстың қосымша режимдері. Дәл салуға арналған және нысандардың бір-біріне қатысты орналасуына арналған құралдар: сызғыштар, бағыттауыштар, торлар. Нысандарды экранға шығару



режимі: қаңқалы, қалыпты. Нысандарды позициялау және орындарын ауыстыру.

9-тақырып. Интерактивтілік әсері. Көлемді бейнелерді шығаруға арналған «Сығу/Выдавливание» әдісі. "Көлемді бейнелерді шығаруға арналған «Сығу/Выдавливание әдісі» практикумы.

Интерактивтілік әдісі. Ағып кету (перетекание). Шығыңқы және кіріңкі нысандарды құру. Көркемдік әсерлерді алу. Бағдарламаның құралдарына кіріспе.

Интерактивтіліктің әсері. Инерактивті бұрмалау (искажение). Бұрмалаудың түрлері. Көркемдік ресімдеуге арналған бұрмалауды пайдалану.

Интерактивтіліктің әсері. Мөлдірлік. Тазалылық әсерін пайдалану.

10-тақырып. Мәтінмен жұмыс. Қаріп. Қарапайым мәтін. Пішінді мәтіннің ерекшеліктері. Мәтінді ресімдеу. Траекторияның бойында мәтінді орналастыру.

11-тақырып. Қисық сызықтардан суреттерді құру. Қисық сызықтарды салудың ерекшеліктері. Қисықтардан суреттерді құру. Қисықтардың маңызды элементтері: түйіндер мен траекториялар. Қисықтың пішіндерін түзету. Қисық нүктелер мен нүктелер манипуляторын пайдаланып қисықтарды өзгерту. "Қисықтардан суреттерді салу" практикалық жұмыс.

12-тақырып. Кіріктірілген модульдер. Модульді құру және баптау. Күнтізбені автоматты режимде құру үшін кіріктірілген модульді пайдалану.

13-тақырып. Қорытынды жоба. Жобамен жұмыс. Идеяларды әзірлеу. Нобайды әзірлеу.

Қорытынды жоба. Графикалық ортада нобайды құру. Жобаны құру үшін бағдарламалық құралдарды пайдалану.

Қорытынды жоба. Түсті таңдау. Жобаны құру үшін бағдарламалық құралдарды пайдалану.

Қорытынды жоба. Тетіктерін пысықтау. Жобаны құру үшін бағдарламалық құралдарды пайдалану.

Қорытынды жоба. Сатылы түрде пысықтау әдісін пайдалану. Жобаны сақтау. Жобаны қорытындылау: жұмыс бөлшектерін басып шығару, баптау және слайдтарды көрсету.

## **10. Екінші сыныптың бағдарламаларын игеруден күтілетін нәтижелер**

29. Оқу соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

- 1) ретушь жасау туралы алған білімдерін практикада пайдаланады;
- 2) реңктік және түстік түзетулерді біледі, ақ-қара фотосуреттегі түстерді қайта қалпына келтіреді және өзгерте алады;
- 3) *монтаж, клипарт* түсініктерін, коллаждау тәсілдерін біледі;
- 4) коллаждау туралы алған білімдерін практикада пайдаланады;
- 5) ұсынылған клипарттардан қарапайым монтаж құра біледі;
- 6) мәзір ерекшеліктерін, ақұрал-саймандар тақтасын ұйымдастыруды, қасиеттер тақтасын/панель свойств, түстер палитрасын біледі;
- 7) нысандармен жұмыс істеу негіздерін, нысандардағы орын ауыстыру, көшіру, жою, айналы бейне, айналдыру, масштабтау операцияларын біледі;
- 8) нысандарды құруды, өзгертуді, күйге келтіруді, құюды, топтастыруды біледі, нысандардың орналасу тәртібін өзгертеді;
- 9) бейнелерді көлемді етіп шығару үшін сығу әдісін пайдаланады;
- 10) қисық сызықтардан суреттерді құра біледі;
- 11) векторлық және растрлық графиканың ерекшеліктері мен кемшіліктерін біледі;
- 12) растрлық және векторлық редакторларда жұмыс істей алады;
- 13) өз жұмыстарын сайқтайды және белгілі пішімде аша алады;
- 14) бейнені бір түрден екінші түрге ауыстыра алады;
- 15) пропорциялардың пішіндерін жеткізе алады;
- 16) сурет, кескіндеме, композиция сабақтарында алған білімдерін қолданады;
- 17) шығармашылық жұмысты жүргізу тәртібін біледі.

## **11. Үшінші сыныптың болжамды бағдарламалық талаптары**

30. Үшінші сыныптың бағдарламасы білімдері мен біліктерін бекітуді, оқу тапсырмаларын күрделендіруді, жұмысқа қойылатын талаптарды арттыруды, практикалық жұмыс дағдыларын жетілдіруді, шығармашылық мүдделерін кеңейтуді, жаңа тақырыптармен жұмыс істеудегі ойлау қабілеттерін дамытуды қарастырады.

31. Үшінші сыныптың бағдарламасы CorelDraw, Adobe Photoshop бағдарламаларының құралдарын терең меңгеруге бағытталған.

32. Оқы жылының ішінде білім алушы:

- 1) графикалық бейнелерді жеткізу әдістерін;
- 2) графикалық файлдардың пішімдерін;
- 3) графикалық мәліметтерді сығу әдістерін;
- 4) графикалық файлдардың пішімдерін қайта құруды;
- 5) CorelDraw векторлық бағдарламасын іске қосу алгоритімін;

- 6) CorelDraw бағдарламасының интерфейсін;
- 7) бағдарламалық интерфейссті баптауды;
- 8) CorelDraw -да графикалық бейнені құру тәсілдерін;
- 9) нысандармен жұмыс істеудің негізгі тәсілдерін
- 10) экран мен принтерде түстік реңктерді алу тәсілдерін;
- 11) растрлық бейнені импорттаудың алгоритімін;
- 12) басып шығару өлшемдерін күйге келтіру алгоритімін;
- 13) CorelDraw бағдарламасын іске қосуды;
- 14) бағдарламалық интерфейссті баптауды;
- 15) графикалық примитивтерді құруды;
- 16) CorelDraw векторлық редактордың құралдарымен жұмысты;
- 17) CorelDraw компьютерлік графикалық редакторымен жұмыс істеудің негізгі тәсілдерін;
- 18) CorelDraw редакторының нысандарымен жұмыс істеудің негізгі тәсілдерін (бейненің бөлшегін таңдау, нысандардан алынған суретті монтаждау);
- 19) CorelDraw редакторында қалыпты пішіндерді құруды;
- 20) аймақтарды құюды;
- 21) Paint редакторында жазбаларды орындау;
- 22) суреттерді құруда түстерді сәйкестендіруді;
- 23) зат пен пішімнің пропорциясын;
- 24) суреттердің контурын түзетуді;
- 25) мәтінді құруды, түзетуді, пішімдеуді;
- 26) макетті басып шығаруға дайындауды;
- 27) растрлық бейнелерді түзетуді;
- 28) арнайы әсерлерді пайдалануды;
- 29) Adobe Photoshop бағдарламасында графикалық бейнелерді құруды;
- 30) Adobe Photoshop графикалық бағдарламасының түрлі құралдарын;
- 31) Adobe Photoshop бағдарламасының авторлық қаріптерін және қаріптік композицияларды құру дағдалырын;
- 32) компьютерлік графиканың Adobe Photoshop бағдарламасында түстерді сипаттау әдістерін;
- 33) экран мен принтерде түстік реңктерді алу амалдарын білу;
- 34) растрлық және векторлық пішімді файлдарында бейнелерді сақтау тәсілдерін;
- 35) графикалық мәліметтерді сығу әдістерін;
- 36) графикалық файлдардың форматтарын қайта өзгертуді;
- 37) түрлі графикалық бағдарламалардың міндеттері мен функцияларын біледі.

## 12. Үшінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны

33. Үшінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны.

1-тақырып. CorelDraw графикалық бағдарламасының міндеттері мен негізгі мүмкіндіктері.

2-тақырып. CorelDraw бағдарламасында нысандармен жұмыстың негізгі тәсілдері. Нысандардың геометриялық пішіндерін түзету. Контурларды құру және түзету. Түспен жұмыс.

3-тақырып. Аса жоғары нақтылау құралдары. Фирмалық стильді әзірлеу.

Мәтінді ресімдеу. Макетті жоспарлау және құру. Растрлық бейнелермен жұмыс.

4-тақырып. CorelDraw бағдарламасында нысандармен жұмыс істеудің негізгі тәсілдері. Нысандарды алдына ала көрудегі өлшемдерді басқару. Құжаттарды алдын ала көру. нысандарды көшіру. Нысандарды орналастыруды реттеу. Нысандарды топтастыру. Нысандарды құру. Логикалық операциялар.

5-тақырып. Практикалық жұмыс. Дизайн элементтерін құру.

6-тақырып. Нысандардың геометриялық пішіндерін түзету. Нысандардың түрлері: графикалық примитивтер мен еркін түзетілетін нысандар. Пішіндерді түзету құралдарының көмегімен геометриялық нысандарды өзгерту. Пышақ құралы арқылы нысандарды бөлу. Өшіргіш құралының көмегімен нысанның бөлігін жою.

7-тақырып. Практикалық жұмыс. Жарнамалық блок элементтерін құру. Контурларды салу және түзету. Еркін түрдегі нысандарды құру. Еркін сурет салу және Безье қисығы. Контурлармен жұмыс істеу дағдылары. Контурды баптау. Көркемдік контурды салу және түзету. Практикалық жұмыс.

8-тақырып. Түспен жұмыс. Түстердің табиғаты. Түстік модельдер. Қарапайым және қосалқы түстер. Нысандарды бояу тәсілдері. Нысандардың тазалығы. Түс беру. Практикалық жұмыс.

9-тақырып. Жоғары нақтылық құралы. Сызғыштар. Торлар. Бағыттауыштар. Нысандарды нақты түрлендіру. Нысандарды түзету және бөлу.

10-тақырып. Фирмалық стильді әзірлеу. Логотиптерді құру. Фирмалық бланктарды әзірлеу. Визит карталарын әзірлеу ережелері. Мәтінді ресімдеу. Мәтіннің түрлері: қарапайым және пішінді мәтін. Пішінді мәтін. Құру, түзету, пішімдеу, арналып қойылу. Мәтінді қисық сызық бойында орналастыру. Мәтіннің геометриялық пішінін түзету. Қарапайым мәтін. Құру, түзету, форматтау, арналып қою. Мәтіндік блоктармен жұмыс істеу дағдылары. Практикалық жұмыс. Басып шығаруды құру. Мәтіннің дизайны.

11-тақырып. Макетті жоспарлау және құру. Құжатты баптау.

Макетті жоспарлау. Макетті құру. Практикалық жұмыс. Жарнамалық блокты құру. Сыртқы қабатын әзірлеу.

12-тақырып. Растрлық бейнелермен жұмыс. Растрлық бейнелерді импорттау. Растрлық бейнелерді түзету. Пішінді кесу. Растрлық бейнелерді трассировка жасау. Векторлық және растрлық бейнелердің пішімі. Практикалық жұмыс. Ашықхат жасау.

13-тақырып. Арнайы әсерлерді пайдалану. Перспективаларды қосу. Көлеңке жасау. Нысан пішінін деформациялау. Линза-нысанын пайдалану. Нысандарды контурлау. Нысандардың ағып кету әсерін жасау. Нысандарға көлем беру. Практикалық жұмыс.

14-тақырып. Құжатты басып шығару. Қорытынды жұмыс. CorelDraw-тың барлық элементтерін пайдаланып макетті жоспарлау және құру. Макетті басып шығаруға дайындау. Басып шығару өлшемдерін баптау. Түске бөлу режимі. Қорытынды жұмыс. Срытын, фирмалық стильді, сыртқы мұқабасын, жарнамалық блокты әзірлеу.

15-тақырып. Adobe Photoshop бағдарламасының міндеттері мен негізгі мүмкіндіктері. Adobe Photoshop бағдарламасының интерфейсі. Бейнелердің түрлері мен пішімдері. Растрлық бейнелердің ерекшеліктері. Adobe Photoshop-тың алдыңғы нұсқаларынан ерекшелігі.

16-тақырып. Жүйені баптау. Палитраларды ұйымдастыру. Бейнені ашу және жабу. Бейненің өлшемін өзгерту. Интерполяция тәсілі. Канваның өлшемін өзгерту. Бейнелерді кесу. Іс-әрекеттерді тоқтату. Бейненің аймақтарын ерекшелеу тәсілдерін алдын ала көру. Практикалық жұмыс.

17-тақырып. Adobe Photoshop примитивтерін пайдалану. Бейне аймақтарын ерекшелеу техникасы. Ерекшелеу құралдары. Құралдардың өлшемдерін басқару. Ерекшелеу аймақтарын қосу, оқу және қиып өту. Күрделі формадағы аймақтарды ерекшелеу тәсілдері. Transform selection, Select-Feather и Select-Modify командаларымен ерекшелеу модификациясы. Ерекшелелеп алған аймақпен жұмыс: өлшемдеу, бұру, ерекшеленген аймақты бұрмалау.

18-тақырып. аймақтарды түзету: ашықтық пен керекарлықты түзету. Ерекшелеу барысында сызғышты, торды, бағыттауыштарды пайдалану. Практикалық жұмыс.

19-тақырып. Көпқабатты бейнені құру. Қабатты құру тәсілдері. Қабаттармен жұмыс. Қабаттың өлшемі. Layers палитрасының көмегімен қабаттарды басқару. Көпқабатты бейнелермен жұмыстың ерекшеліктері. Қабаттарды байланыстыру. Қабаттың ішіндегілерді тасымалдау. Коллаждарды құру. Практикалық жұмыс. Көп қабатты бейнелердің қабаттарымен жұмыс. Layer Set жиынтығында қабаттарды біріктіру. Мәтіндік қабаттар. Қабаттардағы арнайы әсерлер: көлеңке жасау, ореола, рельефке ұқсату, бейненің контурын жүргізу.

Қабаттарды қосу.

20-тақырып. Практикалық жұмыс. Сурет салу техникасы. Еркін сурет салу құралы. Қылқаламдарды, аэрографты, қарындашты, өшіргішті пайдалану. Қылқаламның түсін таңдау. Түстік модельдер. Pantone кітапханалары. Қылқаламдардың пішінін таңдау. Қылқаламдар кітапханасын іске қосу. Жаңа қылқаламды құру. Бұлыңғырлықты (непрозрачность) салу режимдері. Графикалық планшетпен жұмыс істеудің ерекшеліктері. Аймақтарды бояу. Градиенттік ауысуларды құру. Сурет салудың түрлі техникаларын имитациялауға арналған фильтрлерді қолдану.

21-тақырып. Ретушь жасау техникасы. "Штамп" құралының көмегімен бейнелердің бөлшектерін тазалау және қайта қалпына келтіру. "History brush" құралын пайдалану. Бейнені түзету құралдарын пайдалану. Шаюға (размытия) арналған сүзгілерді пайдалану, ашықтықты арттыру және түстік әсерлерді имитациялау.

22-тақырып. Күрделі монтажды орындау. Каналдар туралы жалпы мәліметтер. Каналдардың түрлері. Альфа-каналдарды құру және сақтау. Сапалы монтаж жасау үшін қабат бетперделерін пайдалану. Бейнелерді түзету операцияларының негіздері. Бұзбай түзетуге арналған түзету қабаттарын пайдалану. Бейнелерді сканерлеу және түзету. Скерлеу әдістері. Өлшемдерді таңдау.

23-тақырып. Растрдың рұқсат етілетін қабілеттері мен сызықтары туралы түсінік. Таза және таза емес материалдарды сканерлеудің ерекшеліктері. Муардың пайда болу себептері. Муармен күрес. Бейнені пайдалануға байланысты түзету өлшемдерін таңдау. Полиграфи мен Интернет желісіне арналған түзетудің ерекшеліктері. Қараның нүктесін, ақтың нүктесін және бейнелердің гаммаларын баптау. Бейнелерді стильдеу үшін фильтрлерді пайдалану. Түсті модельдерді түрлендіру. Түстерді бөлуді орындау. Файлды сақтау. Графикалық файлдардың пішімдері.

24-тақырып. Adobe Photoshop бағдарламасында жобалық жұмысты орындау. Жоба және оны әзірлеудің негізгі кезеңдері. Жобалық жұмысты қорғау бойынша талаптар.

### **13. Үшінші сыныптың бағдарламаларын игеруден күтілетін нәтижелер**

34. Оқудың соңында білім алушылар келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

- 1) растрлық және векторлық графиканы қолдануды біледі;
- 2) графикалық бейнелерді көрсету әдістерін біледі;
- 3) графикалық мәліметтерді сығу әдістерін біледі;

- 4) графикалық файл пішімдерін түрлендірудегі мәселелерді біледі;
- 5) CorelDraw -та графикалық бейнені құру тәсілдерін біледі;
- 6) экран мен принтерде түстік реңктерді шығару тәсілдерін біледі;
- 7) басып шығару өлшемдерін күйге келтіру алгоритмін біледі;
- 8) CorelDraw векторлық редакторының құралдарымен жұмыс істеуді біледі;
- 9) CorelDraw редакторында жазбаларды орындауды біледі;
- 10) суреттерді құру барысында түстерді сәйкестендіре алады;
- 11) заттар мен пішімдердің пропорцияларын үйлестіре алады;
- 12) контурларды жүргізуді және түзетуді біледі;
- 13) мәтінді құруды, түзетуді, пішімдеуді біледі;
- 14) макетті басып шығаруға арналған дайындықты жасай алады;
- 15) векторлық редакторда растрлық бейнелерді түзете алады;
- 16) арнайы әсерлерді пайдалана алады (перспективаны, көлеңке жасауды, дөңгелектеуді (огибание) падалану, нысан пішіндерін деформация жасауды, линза-нысандарын қолдануды, нысандарды ағып кету әсерін, нысандарға контур жүргізу және көлем жасау);
- 17) Adobe Photoshop-та графикалық бейне құру тәсілдерін біледі;
- 18) бейненің аймақтарын ерекшелеу техникаларын біледі (ерекшелеу құралдары, құралдардың өлшемдерін басқару, күрделі пішіндегі аймақтарды ерекшелеу тәсілдері, белгіленге аймақпен жұмыс: өлшемдеу, бұру, ерекшеленген аймақты бұрмалау және тағы басқа);
- 19) қабат құру алгоритмін, қабат өлшемдерін біледі;
- 20) көпқабатты қабаттарды құру тәсілдерін біледі және көпқабатты бейнелермен жүргізілетін жұмыс ерекшеліктерін біледі;
- 21) күрделі монтажды орындау алгоритмін біледі;
- 22) бейнені сканерден өткізу және түзету алгоритмін біледі;
- 23) жоба жұмысын қоғау бойынша талаптарды біледі;
- 24) бағдарламалық интерфесті күйге келтіруді іске асыра алады;
- 25) Adobe Photoshop редакторындағы нысандармен жұмыстың негізгі тәсілдерін қолдануды біледі (бейненің бөлшегін таңдау, нысандардан алынған суретті монтаждау);
- 26) бейнелерде арнайы әсерлерді құра алады;
- 27) фильтрлерді қоладана алады;
- 28) бейнені стильдеу үшін сүзгіні қолдана алады;
- 29) монтаж үшін бетперде қабатын пайдалана алады;
- 30) компьютерлік графика бойынша жобалық жұмыстарды орындауға арналған графикалық редактордың міндеттерін қолдана алады.

## 14. Төртінші сынып бойынша болжамды бағдарламалық талаптар

35. Төртінші сыныпта анимациялық векторлық бағдарлама оқытылады, (суреттер тізбегі) раскадровка - қағаз нұсқадағы олардың сценарийлерін құру туралы түсінік меңгеріледі.

36. Білім алушылар құрал-саймандар бағдарламасының интерфейсі, монтаждық үстел, кадрды баптауды (сурет салу алаңы), анимацияның негізгі қағидаттарын оқып-үйренеді.

37. Анимацияны құрудың қиындығына, өте бейнетті процесс болуына, көп еңбекті және шыдамдылықты қажет ететіндігіне байланысты, практикалық сабақтарда жеңіл анимациялық тапсырмалар пайдаланылады. Осы кезеңде ракурстарды ауыстыруға, бейнелерді стильдеуге аса маңызды көңіл бөлінеді.

38. Анимацияның қосымша түрлері кадрлық анимациядан кейін енгізіледі. Білім алушылар қосымша анимацияларды пайдаланудағы артықшылықтарды, кемшіліктерді және мысалдарды, өз анимациясына басқару элементтерін қосу мүмкіндіктерін оқып-үйренеді.

39. Ұзақ мерзімді анимацияларды орындау барысында анимациялар орындалатын кішігірім мақсаттарға (сахна көріністері) бөлінеді және білім алушының өтуге тиісті кезеңдері анықталады.

40. Педагог әрбір білім алушының жеке ерекшелігін және тұтас алғанда топтың ерекшелігін ескереді.

41. Оқу жылының ішінде білім алушы төмендегілерді меңгереді:

1) Flash технологиясын;

2) фильмдерді құрастыратын Flash - жалпы схемасын (идеясы, сценарийі, мультфильм сценарийін құру, комикстерді қағаз бетіне түсіру);

3) анимацияны және сурет салу құралдарын, сурет салу пішінін бекітуді, "Сызықтық және планшетті сурет салу" құралдарын;

4) кадрлық анимацияның негіздерін: «Негізгі кадрлар», «Құру», «Көшіру», «Орын ауыстыру», «Пияз қабықшасы», «Кері айналдыру»;

5) Түспен жұмыс: құю, контурларды бояу, бояу баптауларын көшіру, "Альфа" мөлдірлігін;

6) анимациядағы қабаттарды пайдалану, анимацияларды жасыру және қабаттар бойынша бөлу, көріністі пайдалану;

7) мәтінді құру және өңдеу;

8) мәтіннің түрлері: статикалық, динамикалық;

9) қаріпті автоматты түрде ауыстыру, мәтінді ресімдеу;

10) анимацияның қосымша түрлері «Символ», «Қос қозғалыс», «Бағыттауыш бойынша қозғалу», «Белгіленген жол бойымен қозғалу», «Мөлдірлікті, түстің ауысу әсері», «Пішіндер анимациясы»;



- 11) экран бетінде жүрзізілетін титрларды құруды;
- 12) әр оқыту жылының аяғында білім алушы үйренген құралдарды пайдаланып, қорытынды шығармашылық жұмысты орындауы тиіс.

## **15. Төртінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны**

42. Төртінші сыныптың оқу пәнінің мазмұны.

1-тақырып. Flash технологиясына кіріспе. Жұмыс аймағымен танысу. Графика. Анимация. Фильмдерді пайдалану нұсқасы. Flash-фильмдерді құрудың жалпы схемасы. Сценарийді әзірлеу. Комикс. Мультфильм сценарийін әзірлеу.

Flash технологиясына кіріспе. Жұмыс аймағымен танысу. Жұмыс аймағы, панельдер тақтасы. Мәнмәтін мәзірі мен көмек сөздері (подсказка) падалану. Бағдарламаның графикалық ортасына кіріспе.

2-тақырып. Анимацияға кіріспе. Нысандарды таңдау және ерекшелеу. Бағдарламаның құрал-саймандарына кіріспе. Нысандарды құру, өзгерту және баптау.

Анимацияға кіріспе. Сурет салу құралдары. Фигураның сызық пішіндері мен контурларын өзгерту. Сурет салу өлшемдерін орнату. Бағдарламаның құрал-саймандарына кіріспе. Сызықтық және планшетті сурет салу.

Анимацияға кіріспе. Кадрлық анимацияның негіздері. Кадрлық анимацияның негіздері. Негізгі кадрлар, құру, көшіру, орын ауыстыру. Кадрлық анимацияны құру.

Анимацияға кіріспе. Кадрлық анимацияның негіздері. Пияз қабығы. Кері айналдыру. Кадрлық анимацияны құру..

Анимацияға кіріспе. Практикум. Кадрлық анимацияны бекіту. Анимацияның кадрлық анимация түрімен ұшып бара жатқан жәндікті бейнелеу.

3-тақырып. Түспен жұмыс. Түс құю. Контурды бояу. Бояу баптауларын көшіру. "Алфа" мөлдірлігі. Түрлі құюлар мен олардың баптауларын анимацияда пайдалану.

Түспен жұмыс. Практикум. Кадрлық анимацияны бекіту. Анимациядағы физикалық заңдылықтар. Кадрлық анимациямен жүгіріп бара жатқан адамның суретін салу.

4-тақырып. Қабаттар. қабаттардың қасиеттері. Анимацияда қабаттарды пайдалану. Көрініс. қабаттарды жасыру. Анимацияларды қабаттарға бөлу, көріністерді пайдалану.

Қабаттар. Практикум. Кадрлық анимация. Түрлі қабаттарда бір уақытта анимация құру.

5-тақырып. Мәтінмен жұмыс. Мәтінді құру және өңдеу.

Статикалық мәтін. Динамикалық мәтін. Өңделетін мәтін. Қаріпті автоматты түрде ауыстыру. Бағдарламаның құрал-саймандарына кіріспе. Мәтінді құру, ресімдеу және баптау.

Мәтінмен жұмыс. Практикум. Flash-тегі басылып жатқан мәтін. Кадрлық анимацияны құру. Басылып жатқан мәтінді құру.

6-тақырып. Анимацияның қосымша түрлері. Символ дегеніміз - нысан (фильмнің элементі). Символдардың түрлері. Символдарды құру, өңдеу. Символдар кітапханасы. Қос қозғалыс анимациясы. Символдарға негізделген анимацияның жаңа түрі.

Анимацияның қосымша түрлері. Қозғалыс анимациясын құру. Байғыттаушы сызық бойындағы қозғалысты құру. Белгіленген жолмен қозғалу. Бағыттаушы сызық бойымен символды іске қосу.

Анимацияның қосымша түрлері. Мөлдірлік пен түсті өзгерту негізіндегі мәтіндік әсерлер. Пішіндердің ағуына, мөлдірлік пен түске негізделген анимацияның жаңа түрін игеру.

Практикум. Титрлар. Ауысуларды үйрену. Экран бетінде жүргізілетін титрларды құру.

7-тақырып. Қорытынды жоба. Жобамен жұмыс. Мультфильм идеясын әзірлеу. Комикстың нобайын әзірлеу. Мультфильмді қағаз бетінде құру. Мультфильм суреттерін ретімен орналастыру. Қағаз бетіне түсілірген Мультфильм суреттерін қағаз нұсқасында әзірлеу.

Қорытынды жоба. Жұмыс нобайын графикалық ортаға ауыстырып апару. Орналастыру және кезеңдерді жоспарлау. Сахнаны, фонды құру. Нобайларды әзірлеу және персонаждарды салу. Персонаждардың іс-әрекеттерін жоспарлау.

Қорытынды жоба. Мультфильмнің анимациясы. Комикс персонаждарын сатылап анимациялау. Практикалық тапсырма: персонаждарды өз бетімен анимациялау және персонаждарды қағаз бетіне түсіру.

Қорытынды жоба. Уақытты орнату. Жобаны сақтау және жариялау.

## **16. Төртінші сыныптың бағдарламаларын игеруден күтілетін нәтижелер**

43. Оқудың соңында білім алушылар келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

- 1) Flash технологиясының жұмыс аймағын біледі;
- 2) мультфильмнің сценарийін өз бетімен әзірлейді;
- 3) сурет салу құралдарын, сызықтық және планшетті сурет салуды, кадрлық анимация негіздерін, кадрлық анимацияны құру, көшіру, орынын ауыстыру, бекітуді біледі;

- 4) бейнені бір түрден екінші түрге ауыстыра алады;
- 5) түрлі құюларды және олардың анимациядағы баптауларын пайдаланады;
- 6) кадрлық анимацияны бекітеді;
- 7) түрлі қабаттарда бір уақыттар бірнеше анимациялар құрайды;
- 8) Flash-тегі мәтіндерді құрады, өңдейді, ресімдейді және баптайды;
- 9) пішіннің ағып кетуіне, мөлдірлігі мен түсіне негізделген анимациялардың қосымша түрлерін, үлгілерін біледі;
- 10) экран бетінде жүргізілетін титрларды құрады;
- 11) жұмыс нобайын графикалық ортаға ауыстырады;
- 12) комикс персонаждарын кезеңмен анимациялау дағдыларын меңгерген;
- 13) сценарий суреттерінің ретімен орналасуын орындайды;
- 14) анимацияны түрлері бойынша бөледі;
- 15) орындалған жобаны сақтайды және жариялайды;
- 16) Flash технологиясының графикалық ортасында кезеңмен жұмыс істейді;
- 17) сурет, кескіндеме, композиция сабақтарында алған білімдерін қолдана алады.

## **17. Бейіндік сынып бойынша болжамды бағдарламалық талаптар**

44. Бейіндік сыныпта білім алушы графикалық қосымшалардағы үш өлшемділік түсінігімен танысады. Бұл кезеңде сахнаның үш өлшемділік кеңістігінде бағдарлану білігі қалыптасады.

45. Сабақтардың мақсаты растрлық графикалық бейнелерді құру және өңдеу білігін қалыптастыру болып табылады.

46. Білім алушылар өлшемдерді, стильдерді, кеңістік пропорциясын есеске алып, 3-D бағдарламасының көмегімен өз жобаларының әзірлемелерін жасайды.

47. Оқу жылының ішінде білім алушылар иегереді:

1) 3D-Мах технологиясын, түрлі терезелер конфигурациясын, түрлерді басқаруды, өлшем бірліктерді;

2) «Құру»/«Create», «Өзгерту»/«Modify» закладкаларын, негізгі нысандарды (примитивтер мен кеңейтілген примитивтер);

3) «Нысандарды ерекшелену»/«Select object», «Тізімдегі нысандарды ерекшелену»/«Select By Name», «Орын ауыстыру»/«Select and Move», «Айналдыру»/ «Select and Rotate», «Көріну»/«Isolate», «Нысандарды қатыру»/«Lock», «Нысандарды көшіру»/«Copy», «Нысандарды топтарға біріктіру»/ «Group», «Жүктеме»/«Merge»

командалары мен нысандарындағы операцияларды;

4) қарапайым модельдеу, қимынды операциялар, стандартты емес геометриялық нысандарды құру;

5) қарапайым модельдеу, сплайндар, «Кесінді бойынша құру»/«Loft», «Денені айналдыру»/«Lathe», «Сығу»/«Extrude», «Nurbs қисық сызықтары»/«NURBS Curves», «Сыртқы қабаты»/«Shell», «Тор»/«Lattice», «Иілім»/«Bend», «Балқыту»/«Melt», «Айналдыру»/«Twist», «Торларды тегістеу»/«Smooth», «Симметрия» / «Symmetry» модификаторлары;

6) материалдарды өңдеу;

7) стандартты материалдардың негізгі баптаулары;

8) текстуралық карталарды, «Картасы ОСМ»/«UVW Map» модификаторын пайдалану;

9) жарықтандыру түрлерін, түсті, жарықтандыру күшін, көлеңкелерді орнатуды;

10) камераны құру және баптау, камераларды ауыстыруды;

11) сахналардың визуалдылығын баптауды.

48. Оқудың соңында білім алушы графикалық редакторды пайдаланып қорытынды шығармашылық жұмысының жобасын кезеңдерімен орындайды.

## **18. Бейіндік сыныптың оқу пәнінің мазмұны**

49. Оқу пәнінің мазмұны.

1-тақырып. 3D-Мах технологиясына кіріспе. Жұмыс аймағымен танысу. Түрлі терезелер конфигурациясы. Түрлі терезелердегі нысандардың көрінісі. Түрлерді басқару. Өлшем бірліктер. Білім алушыны бағдарламаның графикалық ортасына енгізу.

3D-Мах технологиясына кіріспе. Жұмыс аймағымен танысу. "Құру" закладкасы. "Өзгерту" тетігі. Нысандарды ерекшелеу. Бағдарламаның құрал-саймандарына кіріспе. Шәугімнің суретін салу, «Құру»/«Create», «Өзгерту»/«Modify» закладкаларын пайдаланып суретке өзгеріс, қосымшалар енгізу.

2-тақырып. Нысандардағы командалар мен операциялар. Нысандарды клондау. Нысандарды топтарға біріктіру. Дайын нысандардың импорты, экспорты. «Жүктеме»/«Merge» командасы. Көшіруді, клондауды, нысандарды топтастыруды оқыту.

3-тақырып. Қарапайым үлгілеу. Қисынды операциялар. Стандарт негізінде құрамдас нысандарды алу тәсілдері. Қалыпты емес геометриялық нысандарды құру.

Қарапайым үлгілеу. Практикадағы Қисынды операциялар дағдыларын бекіту. Қисынды операциялар көмегімен ұсынылған

геометриялық пішіндерді құру.

Қарапайым үлгілеу. Сплайндар. «Пішіндер»/«Shapes» бөлімі. «Loft» құрамдық нысаны. Пайдалану нұсқалары. Одан әрі «Loft» нысанын құрумен сплайндық үлгілеуге оқыту.

Қарапайым үлгілеу. Сплайндар. «Пішіндер»/«Shapes» бөлімі. «Дене айналдыру»/«Lathe» модификаторы. Одан әрі «Дене айналдыру»/«Lathe» нысанын құрумен сплайндық үлгілеуге оқыту.

Қарапайым үлгілеу. Сплайндар. «Пішіндер»/«Shapes» бөлімі. «Сығу» модификаторы. Қолдану нұсқасы. Одан әрі "Сығу" нысанын құрумен сплайндық үлгілеуге оқыту.

Қарапайым үлгілеу. Nurbs қисығы. «Пішіндер»/«Shapes» бөлімі. Nurbs қисығы түсінігі. Материалды құрудың қарапайым тәсілі. Перденің тігінен ілінген матасын құру.

Қарапайым модельдеу. Nurbs қисықтары. «Пішіндер»/«Shapes» бөлімі. Орамалды, үстел жаймасын «Nurbs қисығында» үлгілеудегі техниканы қолдану нұсқасы. Алуан түрлі материалдарды үлгілеу.

Қарапайым үлгілеу. Сүйеніш, тор модификаторларын оқып-үйрену. Практикада қолдану нұсқалары. Модификаторларды пайдалану.

Қарапайым үлгілеу. Модификаторлар. Бүгу, балқыту, айналдыру, желіні тегістеу модификаторларын оқу. Практикада қолдану нұсқалары. Модификаторларды дайын нысандарда пайдалану.

Қарапайым үлгілеу. Практикум. Үлгілеу тәсілі бойынша нысандарды бөлу. Үстелге арналған нобайды әзірлеу.

Қарапайым модельдеу. Практикум. Қарапайым үлгілеу туралы білім мен білікті бекіту. Үстелді, жайманы, орындықтарды үлгілеу.

Қарапайым үлгілеу. Білімдері мен біліктерін бекіту. үстелдерді әзірлеуді модельдеу.

Материалдар. Материалдар редакторы. Дайын материалдар «Карта ОСМ»/«UVW Map» модификаторы.

Материалдар. Материалдар редакторы. Текстуралық материалдарды пайдалану. Материалдарды өз бетінше құру. Карталарды қолдану тәсілдері және баптау.

Материалдар. Графикалық редакторларда өздерінің текстуралық карталарын құру. Тігіссіз материалдар түсінігі. Растрлық графикалық редакторларда тігіссіз матаны жасау.

5-тақырып. Жарықтандыру және камера. Жарықтандырудың түрлері. Түсті, жарықтандыру күшін, көлеңкені орнату. 3D-Max-та жарықтандыру түсінігі. Келесі баптау жолымен жарықтандыру көзін құру.

Жарықтандыру және камера. Камераны орнату. Күйге келтіру. Орын ауыстыру. Камераларды ауыстыру. Камераларды құру және баптау.

6-тақырып. Визуалдандыру. 3D-Max -тағы көзкөрімділік түсінігі.

Көктеу өлшемін өзгерту. Сақтау жолы. Сахнаның визуалдандыруды баптау.

Визуалдандыру. Практикум. Интерьерлерді текстурлеу, жарықтандыру, визуалдау негіздерін оқып-үйрену. Әзірленген үстелдерге текстураны қою. Сахнаны жарықтандыруды құру. Визуалдандыру.

7-тақырып. Қобырытынды жоба. Идеяларды әзірлеу. Нобай. Кезеңдерді жоспарлау. Таңдаған стильде бөлме нобайын әзірлеу.

Қорытынды жоба. Идеяларды әзірлеу. Интерьер бөліктерінің нобайы. Бөлменің стиліне сәйкес келетін интерьер бөліктерінің нобайын әзірлеу.

Қорытынды жоба. Өлшемдер бойынша бөлмені үлгілеу. Сахнаны үлгілеу. Өлшем бірлікті орнату. Бөлмені үлгілеу.

Қорытынды жоба. Бөлменің ішкі элементтерін үлгілеу. Жақтауларды, терезелерді, құламаларды, есіктерді үлгілеу.

Қорытынды жоба. Жихаздарды үлгілеу. Сөрелерді, дивандарды, үстелдерді, орындықтарды үлгілеу.

Қорытынды жоба. Декорды үлгілеу. Камераны орнату және баптау. Шамдардың, картиналардың, құмыралардың, статуеткалардың нобайларын құру.

Қорытынды жоба. Сахнаны текстурлеу. Барлық нысандарға текстураны дайындау және қою.

Қорытынды жоба. Жарықтандыруды үлгілеу.

Жарықты орнату. жарықты орнату және баптау.

Қорытынды жоба. Сахнаның барлық элементтерін, кезеңдерін тексеру. Визуалдылық өлшемін орнату.

Қорытынды жоба. Сахнаны визуалдандыру. Растрлық редакторде бейнелерді сақтау және модельдеу.

## **19. Бейіндік сыныптың бағдарламаларын игеруден күтілетін нәтижелер**

50. Оқу соңында білім алушылар келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

- 1) 3D-Мах бағдарламасының графикалық ортасын біледі;
- 2) шығармашылық жобаларды орындауда "құру", "өзгерту" тетіктерін пайдаланады;
- 3) қарапайым нысандарды құрады, көшіреді, клондайды, топтастырады;
- 4) стандартты және стандартты емес геометриялық нысандар негізінде құрамалы нысандарды алу тәсілдерін біледі;
- 5) қисынды операциялардың көмегімен берілген геометриялық

пішіндерді құрайды;

6) «Loft», «Денені айналдыру», «Сығу» нысандарын әрі қарай құруда сплайндық үлгілеуді біледі;

7) материалдардың алуан түрлерін үлгілеуде «Nurbs кривые» техникасын пайдалана алады;

8) модификаторлады және оларды практикада қолдану нұсқаларын біледі;

9) растрлық графикалық редакторларда тігіссіз материал құра алады;

10) текстурлау, айқындау, 3D-Мах визуалдау дағдыларына ие;

11) бөлменің нобайын әзірлейді (идеяларды әзірлеу, интерьердің кезеңдерін, бөлшектерін жоспарлау, өлшем бірлігін қою, бөлмені өлшем бойынша үлгілеу, бөлменің өрнек элементтерін, жақтауларды, терезелерді, құламаларды, есіктерді үлгілеу, сөрелерді, дивандарды, үстелдерді, орындықтарды үлгілеу, сәндік заттарды үлгілеу, шамдардың, картиналардың, құмыралардың, статуеткалардың нобайларын жасау, жарықтандыруды орнату және баптау, виуалдалық өлшемдерін орнату);

12) растрлық редакторларда бейнелерді үлгілеуді және сақтауды біледі;

13) графикалық бейнелермен жұмыста заманауи компьютерлік технологиялар саласындағы ақпараттық мәдениетті қалыптастырады;

14) шығармашылыққа, жасампаздыққа, өз қажеттіліктерін іске асыру құралы ретінде компьютерге қатысты өз қызметін талдайды;

15) практикалық қызметті әрі қарай жалғастыруға арналған қажетті теориялық білім мен практикалық дағдылары бар;

16) графикалық ақпараттарды өңдеудің заманауи компьютерлік әдістерін игерген;

17) компьютерлік өңдеу, графикалық ақпараттар саласында практикалық білімді өз бетінше алу дағдыларына ие;

18) өздерінің жеке графикалық жобаларын құрады;

19) графикалық планшетпен жұмыс істеуді біледі.

## **20. Бақылау түрлері және бағдарламаны игеруден күтілетін нәтижелер**

51. Білім, білік және дағдыларды бағалау жұмыстың әр кезеңінде іске асырылады. Тақырыпты таңдауда шығармашылық тұрғыдан келу, алған теориялық білімдерін практикада қолдану жақсы бағадаланады.

52. Білім алушылардың білім, білік және дағдаларын бақылау - оқу процесін жылдам басқару және жалпы, тексерушілік, тәрбиелік және түзетушілік міндеттерді қамтамасыз етеді.

53. Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау - білім алушылардың өздік жұмыстарын тексеру, жұмыстың техникалық элементтерін талқылау, дизайнерлік композициядағы көркемдік бейнені мейлінше мәнерлі етіп құру үшін композициялық тұтастыққа жету әдістері түрінде оқу пәні үшін қарастырылған аудиториялық уақыт шеңберінде өткізіледі.

54. Білім алушылардың үлгерімдерін ағымдық бақылау бірінші жартыжылдықтың соңында шығармашылық көрсетілім түрінде, оқу пәні үшін қарастырылған аудиториялық уақыт шеңберінде өткізіледі.

55. Қорытынды тапсырмалардың тақырыптары әр оқу жылының аяғындағы шығармашылық жұмыс жоспарымен мен білім беру ұйымының байқаулық-көрмелік қызметімен байланысты.

56. Қорытынды жұмыс графикалық дизайнның барлық шарттары мен ережелерін сақтай отырып, компьютерлік графика құралдарынан құрылған жобаны жасауды жобалайды.

57. Қорытынды жоба өзінің ойлаған идеясын іске асыру білігін, шешімді таңдаудағы шығармашылық тәсілін, дизайнерлік бағдарламада жұмыс істей алуын, жобаны басып шығаруын көрсетеді.

58. Қорытынды жұмыстың тақырыбын білім алушы өзінің графикалық дизайнерлік жобасындағы таңдаған идеясын іске асыру мүмкіндіктерін есепке ала отырып таңдайды.

59. Жобаны қорғау түріндегі қорытынды аттестация "Компьютерлік графика және дизайн" білім беру бағдарламасын меңгергеннен кейін өткізіледі.

60. Қорытынды аттестациядан өту кезінде мектеп бітіруші бағдарламалық талаптарға сәйкес білімін, білігі мен дағдалырын көрсетеді.

62. Шығармашылық жобалық жұмысты ұжыммен талқылау кезінде және оларды бағалау кезінде педагогтің келесі бағалау өлшемдеріне жүгінгені қажет:

1) пысықталатын тақырыптың мазмұны, оның композициядағы сапалы ерекшелігінің көркемдік бейнесі;

2) композициялық ұйымдастыру түрінің шешіліп отырған оқу міндеттерінің сипатына сәйкес келуі;

3) композициялық элементтердің пішінінің құрылуындағы стильдік бірлік (үндестік);

4) нақты қойылған міндетті шешуге арналған формальды-композициялық және көркемдік-бейнелі құралдарды қолданудағы сандық шараларды сақтауы (құралдардың аз болуы - мейлінше нақтырақ болуы);

5) композициялық шешімнің өз бетінше жасалуы және оның ішкі құрылымының тұтастығы;

6) композициялық шығарманың графикалық орындалуының



нақты пысықталуы және көркемдік мәдениеті;

7) тапсырмаларды орындаудағы методологиялық жүйелілік.

63. Ағымдық, аралық және қорытынды аттестацияның нәтижесі бойынша бағалар қойылады, олар: "өте жақсы", "жақсы", "қанағаттандырарлық".

1) 5 (өте жақсы) - білім алушы тапсырмаларды өз бетімен жоғары деңгейде орындайды, оның жұмысы композициялық және түстік шешімінің өз бетімен жасалғандығымен, дұрыс техникалық орындалуымен, шығармашылық тәсілімен ерекшеленеді.

2) 4 (жақсы) - білім алушы алдына қойылған міндеттерді орындайды, бірақ педагогтің көмегіне сүйенеді. Жұмыс орындалған, бірақ болмашы қателері бар.

3) 3 (қанағаттандырарлық) - жұмыс композицияның негізгі заңдылықтары мен ережелері бұзыла отырып орындалған, техника жағынан дұрыс орындалмаған.

## **21. Бағдарламаны іске асыру шарттары**

64. Бағдарламаны іске асыру шарттары білім алушылардың санына сәйкес оқыту кабинетінің болуын талап етеді.

65. Кабинет келесі құрылғылармен жабдықталады:

1) бағдарламалармен қамтамасыз етілген, Интернет желісіне шығу жолдары бар, әр оқу орнына бір-бірден қойылған дербес компьютерлер;

2) мейлінше жоғары техникалық сипаттарымен, қатты дискте барлық оқытылып-үйретілетін бағдарламалық қамтамасыз етулерден тұратын орталық компьютер (сервер);

3) графикалық планшеттер, түрлі-түсті принтер, сканер, алынып-салынатын ақпаратты тасымалдауыштардың жиынтығы;

4) экраны бар мультимедиялық редактор;

5) ақпараттық бағдарламалары бар компакт-диск.

## **22. Әдістемелік ұсынымдар**

Компьютерлік графика (дизайн) бейнелеу өнерінің көптеген түрлерінің арасында негізгі орында алады.

Компьютерлік графика беретін мүмкіндіктердің ішінен екі негізгі бағытты бөліп қарауға болады:

графикалық пакеттер мен бағдарламаларды тікелей оқытуда білім алушылардың көркемдік-шығармашылық қабілеттерін дамыту;

мультимедиялық технологиялардың мүмкіндігін пайдаланып кез-келген басқа пәнді оқыту процесінде білім алушыларды дамыту.

Компьютерлік графика – бейнелеу өнері, декоративтік және дизайнерлік өнердің түрлі пәндерін құру процесінің көркемдік (бейнелеу) шығармашылық негізін құрайтын заңдар мен заңдылықтарды оқыту құралы болып табылады.

Дербес компьютерлердің технологиялық мүмкіндіктері бай графикалық мүмкіндіктер және түстік эффектілермен, кеңістіктік формаларды көркемі түрде көрсететін екі немесе үш дәрежелі қабілеттерімен ерекшеленеді. Жасалатын өнімнің үлкен жалпы білім берушілік мәні бар, ол білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту міндеттерімен өзара байланысты.

Графикалық редактордегі жұмыс дегеніміз — білім алушылардың сурет, кескіндеме, композиция: түстерді дұрыс үйлестіру, суреттің композициялық құрылымын, перспектива заңдылықтарын білу сияқты сабақтарда алған білімдеріне негізделетін кіріктірілген курс.

Компьютерлік графикамен жұмыс істеудің бір маңызды ерекшелігі болғандықтан, бұл дағдылардың барлығы білім алушылардың әрі қарай тиімді дамуына алып келеді. Бағдарламаның ерекшелігі – графикалық редактормен жұмыс ітеу барысында білім алушылардың уақыттары да болады, түстермен тәжірибе жасайтын мүмкіндіктері де болады. Егер түстік шешім ұнамаса, оны дереу басқа түспен алмастыруға болады.

Компьютерлік графиканың мүмкіндіктерін оқып-үйрену барысында анимацияға жеке көңіл бөлген жөн. Анимацияның күші – ойдан бейнеге қысқа уақыт аралығында берілетін өнер ретінде қарастырылады. Компьютерлік графика және анимация адам қиялындағы барлық дүниені жасауға немесе табиғатта бар нарселерді еліктеу арқылы жасауға мүмкіндік береді. Ол басқа бағдарламалық құралдарға қарағанда, білім алушылардың үлкен қызығушылығын туғызады. Сондай-ақ, анимациялық роликтер, өздерінің үлкен мүмкіндіктері мен күрделіліктерінің күшіне қарай, білім алушылардың адамдық қасиеттерін, сонымен қатар шығармашылық әлеуеттерін дамытуға әсер ететін топтық жұмысты болжайды.

Компьютерлік анимация дегеніміз – өнер мен техниканың бірін-бірі өзара толықтыруына негізделген синтез. Компьютерлік анимация тек оқыту нысаны ғана емес, шығармашылық құрал және сайман ретінде оқытылуы тиіс, себебі ол сол кезде ғана шығармашылық процесті механикалық процеске айналдырмай, қиялыды оятады, жаңа идеялардың тууына әсер етеді.

«Тышқан» және үйлесімділікті дамытумен белсенді жұмыс күшіне қарай компьютерлік анимацияны оқытқанда білім алушылардың жалпы зияткерлік қабілеттерін дамытуы мүмкін, себебі бұлшық ет қызметі бастың ми қабатындағы негізгі жүйкелік

процестерді дамыту мен жетілдірудің маңызды факторы болып табылады.

Компьютерлік графика дегеніміз - компьютердің көмегі арқылы графикалық ақпараттарды құру, сақтау, жеткізу, өңдеу және көрнекілік көрсетуге арналған аппараттық және бағдарламалық құралдардың кешені.

Компьютерлік графика - компьютер мәліметтерінің көмегімен графикалық көрініске немесе графикалық көріністі мәліметке айналдыруға арналған әдістер мен тәсілдердің жиынтығы деп түсіндіріледі.

Мультимедиа технологияларының кең таралуы мектеп оқушыларының компьютерлік графиканың теориялық негіздері мен реалистік бейнелерді жасауға арналған практикалық дағдыларын дайындауды күшейтуді қажет етуді алға тартады.

Компьютерлік графика дегеніміз – компьютерлік технологиялардың көмегімен графикалық бейнелерді құру және өңдеу құралдары мен тәсілдерін зерттейтін информатиканың бөлімі. Графикалық бағдарлама дегеніміз – графикалық бейнелерді құру, өңдеу, қарау, сақтау бағдарламасы.

Компьютерлік графикамен жұмыс істеуге арналған бағдарламалық қамтамасыз етулердің түрлерінің көптігіне қарамастан, компьютерлік графиканың төрт түрі ерекшеленеді. Бұлар: растрлық графика, векторлық графика, өш өлшемді және фрактальді графика. Олар монитор экранында көрсетілгенде және қағазға басып шығару кезінде бейнелерді қалыптастыру қағидаттарымен ерекшеленеді.

Графикалық редакторлар екі санатқа бөлінеді: растрлық (Adobe Photoshop, Corel Paint Shop, Corel Photo-Paint, Microsoft Paint), нүктелер бойынша бейнерелі салу, олардың әрқайсысы үшін жеке түс және қанықтық белгіленеді және векторлық.

Қол құралдарымен орындалып, графикалық редакторге берілген **нобайларды өңдеу мүмкіндіктері**: nobайларды бояу, сызбалар бойынша үлгілеу, түсті түзету, ретушь жасау, презентациялық материалдарды дайындау.

Растрлық бағдарламалар сканерден өткізілген бейнелерді, суреттерді, фотосуреттерді өңдеу кезінде қолданылады.

Бейнелерді қайта өңдеуге, түстерді түзетуге, түстерді таңдауға, тиімді түстік кереғарлықты, қанықтықты, анықтылықты таңдауға, түрлі түс шаюға және тұмандандыруға, жарық-көлеңкеде ойнау, коллаж жасауға көп көңіл бөлінеді.

Бейнелердің сапасын жақсарту, фотосуреттерге монтаж жасау растрлық редакторларда жүзеге асады (Paint, Adobe PhotoShop, Corel Photo-PAINT).

Растрлық бейнелер көптеген пиксельдерден құралады. Нақты

бейнелерді жеткізуде тиімді қолданылады. Растрлық картиналарды масштабтағанда және айналдырғанда картиналардың бұзылуы болады. Растрлық суреттер принтерлерде жеңіл басылып шығарылады.

Векторлық редактор – доға, түзудің үзіндісін – бірден тұтас сызықты салады, ал күрделі сызықтар осындай доғалар мен үзінділер жиынтығы құрайды. Векторлық графикалық редакторлар (Adobe Illustrator и CorelDraw) сурет формасының өте күрделі тасымалдауын жасауға, қысу немесе созуға, өлшемдердің кез-келген түріне ауыстыруға, жиектерді қайта жасауға мүмкіндік береді. Онда бейнені түрлі жазбалармен үйлестіруге, еркін түрде қозғалтуға (доғалар немесе басқа қисықтар бойынша, басқа кез-келген бұрыштарда) болады. Олар фотосуреттерді өңдеуге жарамсыз, тек оларды құруға арналған.

Дизайн, техникалық сурет салу саласында иллюстрацияларды жасау үшін, ресімдеу жұмыстары үшін векторлық бағдарламалар қолданылады (Adobe Illustrator, Macromedia Freehand, Corel Draw). Векторлық бейнелер бейнелердің жүйелілігі түрінде сипатталады.

Растрлық графика электронды (мультимедиялық) және полиграфиялық басылымдарды әзірлеу кезінде пайдаланылады. Растрлық графика құралдарымен орындалған иллюстрацияларды компьютерлік бағдарламалардың көмегімен қолмен өте сирек жасайды. Бұл мақсат үшін әдетте сканерден өткізілген суретшінің қағазда дайындаған иллюстрациялары немесе фотосуреттері пайдаланылады.

Соңғы уақытта растрлық бейнелерді компьютерге енгізуде сандық фото және видеокамералар қолданылады. Растрлық иллюстрациялармен жұмыс істеуге арналған көптеген графикалық редакторлар бейнелерді құруға қарағанда, оларды өңдеуге арналады. Интернетте бейненің толық түрлі-түсті реңктер гаммасын жеткізу керек болған жағдайда ғана растрлық иллюстрациялар пайдаланылады.

Векторлық графикамен жұмыс істеуге арналған бағдарламалық құралдар бірініші кезекте иллюстрация құруға арналған, ал кейінгі кезекте оны өңдеуге арналған. Мұндай құралдар көбінесе жарнама агенттіктерінде, дизайнерлік бюроларда, редакциялар мен баспаларда кеңінен қолданылады. Қаріптер мен қарапайым геометриялық фигураларға негделген ресімдеу жұмыстарын векторлық графиканың құралдарымен шешкен өте жеңіл.

Векторлық графика құралдарымен жасалған жоғары сапалы көркем шығармалар бар, олар ереже деуден гөрі, ерекшелігі деуге болады, себебі векторлық графика құралдарымен иллюстрациялар құру аса күрделі болып табылады. Үш өлшемді графика инженерлік бағдарламалауда, физикалық нысандар мен процестерді компьютерлік модельдеуде, мультипликацияларда және компьютерлік ойындарда кеңінен қолданылады.

Дизайн (ағыл.*design*) дегеніміз — ниет, пиғыл, жоспар, мақсат,

талап, шығармашылық ниет, жоба және сызу, есеп, конструкция, нобай, сурет, өрнек, композиция, композиция өнері, өнер туындысы.

«Дизайн» түсінігі - түрлі қасиеттері бар өнеркәсіп бұйымдарының тұтынушылық сапасып, эстетика жағынан дұрыс қабылдануын жақсартуға мүмкіндік беретін, сонымен қатар басқа кәсіпорындар өндіретін дәл осындай өнімдерді ерекшелеу мақсатында индустрия дәуірінде пайда болған. Бұл мақсаттарған көркемдік құрастыру тәсілдері арқылы қол жеткізіліп отырған, яғни бүгінгі Дизайн болып табылады.

Анықтамада "өнер туындысы" сөзі айтылады, алайда өнерде дегеніміз өзіндік ерекшелік, ал дизайн ең алдымен бұқаралық пайдалануға, өнімдердің таралуына, оларды пайдалы түрде пайдалануға арналған. Сонымен қатар, әрбір дизайнда шығармашылық пен ерекшеліктің элементтері кездеседі.

#### **Тиімді дизайнның заңдылықтары:**

1) *Пішіннің мазмұнға сәйкестігі.* Ресімдеу тақырыпқа, жариялылықтың көңіл күйіне сәйкес келуі тиіс, алдын ала, алғаш үстіртін оқығанда-ақ оқырманды дұрыс түсінуге бағыттауы қажет.

2) *Акцент жасау* — назар аударту (бірден іліп кететін және одан әрі тереңірек оқуға итермелейтін "ақпараттық ілгек" құру керек, көп адамдар диагональ бойынша оқығанды ұнатады, сондықтан олардың мәнін түсінуді және егжей-тегжейлі біліп үлгерулер керек).

3) *Алтын орта.* Ресімдеуде анықтылық, ықшамдылық, қысқалық, түсініктілік, қолжетімділік қажет. Бүгін минимализм сәнде.

5) Эмоциялық — оқырманның эмоциясына, сезіміне бағытталған, бір қарағаннан-ақ оның бойында көңілді немесе күйзеліс сезімінің пайда болуы, үй жылулығы немесе іскерлікке дайындығы.

6) *Тәртіп*— ұйымдастырушылық, қисындылық.

7) *Стиль*— жарияланым мен басылымың ерекшелігі, даралығы тұтас алғанда оның танымал, қайталанбас болуына, дәл осындай басылымдар арасында ерекшелейді. Бұл жерде талғам, түрлі элементтерді үйлестіре алу маңызды. Сәтті орындалған элементтің нөмірдің барлық санында қайталануы, түрлі конструкциялардың үйлесімділігі - газет жолдарына үйлесімділік сезімін береді.

Дизайнды падалану аймағы: заттар дизайны, еңбек құралы, тетіктер, тұрмыстық техника, сән және сәндік әшекейлер, қоршаған орта дизайны, қалалық ортаның дизайны, интерьерлер дизайны, жарық дизайны, колористика және суперграфика, процестер дизайны, фирмалық стильдер, салтанатты іс-шаралардың дизайны, іс-шаралардың бағдарламаларының дизайны, фирмалық стиль, қаріптер, плакат, графикалық жарнама, кітаптық графика, газеттік графика, журналдық графика.

Графикалық дизайн - белгілі міндеттер мен талаптарға сәйкес көріністі-коммуникативті ортаны құруға немесе өзгертуге бағытталған

жобалық-көркемдік қызмет. Графикалық дизайн қазіргі заманның көріністі ландшафтын қалыптастыруға итермелей отырып, өмірдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени саласына инновациялық үлес қосады. Графикалық дизайн жарнамада, баспа қызметі мен басып шығаруда, кинода, телевиденияда, компьютерлі және электронды техникада, басқа да бұқаралық ақпарат саласында қолданылады. Оны кей кездері коммуникациялық дизайн деп те атайды. Графикалық шешімдердің түрлілігі және қайталанбайтындығы графикалық дизайнның маңызды қағидаты болып табылады.

Фирмалық стильді жасауда графикалық дизайн ерекше орында алады, оның негізгі мақсаты кәсіпорынмен, оның қызметі және өнімімен байланысты барлық белгілі және үнемі есте сақталатын, көзбен көретін бейне жасау.

Фирмалық стильдің негізгі элементтері — логотип, қаріп, түстер гаммасы, композициялық қағидаттар - олар стандартты минимумнан (фирмалық бланк, конверт және визит карточкасы) бастап фирманың құжаттарын ресімдеу, оның жарнамасын, транспорт құралдарын ресімдеуді, фирманың интерьерінің көркемдік-стильдік шешіміне дейінгі кең саланы қамтуы мүмкін.

Қаріптер суретшілердің бейнелі ойлауына, стильдің біріңғайлығы мен графикалық композицияның талаптарына, қосымша міндеттерге, сонымен қатар нақты ойларға және көркемдік-сәндік міндеттерге сәйкес құрылады.

Плакат дегеніміз - саяси үгіт-насихат немесе ақпарат, жарнама, нұсқаулық құралдарының міндетін атқаратын графикалық өнердің ең көп тараған түрі. Плакаттың міндетін қатаң түрде анықтау - бейнелеу құралының жұмыс тәсілін көрсетеді, плакаттың ерекше бейнелеу тілі мен оның өлшемдерін анықтайды.

Плакаттар бірнеше түрлі болады, олар: саяси, үгіт-насихат жасайтын, әскери уақыттың плакаты, жарнамалық плакат, киноплакат және афиша. Плакат авторының алға қойған мақсатына қарай коммерциялық (сату), ақпараттық (ақпарат) немесе психологиялық (сендіру) құралы болуы мүмкін.

Заманауи әлеуметтік плакат дегеніміз - өзінің функционалдық-морфологиялық шекараларын кеңейтетін, үздіксіз дамитын дизайн-нысаны.

Жарнаманың қанық дизайны жағымды бейнені құруда маңызды орын алады. Қайталанбас болмысты көрсететін толыққанды брендті құру - бұл бір тұнып тұрған өнер. Дизайн негізінде құрылған коммуникация - тұтынушыны тек қызықтырып қана қоймай, оның түпкі ойлары мен сезіміне әсер етуіне қол жеткізу керек.

Графикалық дизайндағы кітап графика дегеніміз - кітап басуда қолданылатын графикалық құралдардың кешені: иллюстрациялар,

қаріп, жалпы құрастыру және кітаптарды ресімдеу.

Газет графикасындағы дизайнерлік тәсілдер оқырманға ақпаратты қабылдауды жеңілдетуге бағытталады, себебі ол сол үшін де газетті ашады. Жолақта назар аудартатын және қызығушылық тудыратын элементтер нақты ерекшеленіп тұруы қажет. Қабылдаудың қисындылығы және анықтығы.

Графикалық дизайн күрделі құрылым бола отырып, заманауи қоғамның барлық қызмет саласына енді, оның тек мәдениетте ғана емес, сонымен қатар техникалық аспектіде де өсуіне және дамуына көмектеседі.

Графикалық дизайн өнер мен технологияны біртұтас шығармашылық процеске байланыстырады. Компьютер дизайнердің қызметін жаңа деңгейге шығара отырып, суретшінің маңызды құралдарының біріне айналды.

Заманауи қоғамда компьютерді меңгеру әдеттегі және қажетті нәрсе болды. Мұндай сабақтардың негізгі мақсаты - өсіп келе жатқан адамды өз бетімен ойлауға, қиялық дамытуға және түрлі компьютерлік бағдарламалар арқылы өз идеяларын практикада жүзеге асыруға үйрету болып табылады.

Білім беруді ақпараттандырудың өте кең көлемде даму процесі - оқытуда жаңа ақпараттық технологиялардың кең шоғырын пайдалануға мүмкіндік береді. Оның басты элементтерінің бірі болып компьютерлік графика табылады.

Балалар көркемөнер мектептеріндегі «Компьютерлік графика және дизайн» оқу пәні балалардың бейнелеу өнері саласындағы білімдерін кеңейтуге және толықтыруға мүмкіндік береді, өзекті білім, білік және дағдыларды алуға бағытталғандықтан, балаларға қажетті пәндердің бірі болып табылады.

Компьютерлік графика және дизайн - сурет эстетикасы мен технологияны, кескіндеме мен компьютерлік мүмкіндіктері бар композицияны байланыстыратын пән, сондықтан компьютерлік графика пәнін оқыту барысында өнер мен компьютерлік технологиялардың синтезі мен өзара толықтыруға акцент қою қажет.

Оқыту процесіне жаңа шығармашылық әлеует, сонымен қатар жас суретшінің жан-жақты дамуына компьютерлік графиканы оқып-үйрену үлкен үлес қосады.

Компьютерлік графиканы пайдалану білім алушылардың көру арқылы есте сақтау жадын, көркемдік-бейнелі және абстрактілік қисынды ойлауын, түсті қабылдауды, көлем пішінін дамытуды қамтамасыз етеді, басқа сөзбен айтқанда тұлғаның көркемдік білімділігін қалыптастыруға әсер етеді.

Мақсаты жас суретшілерді компьютерлік құралдарды игеруі ғана емес, осы құралдарды шығармашылық өзін таныту үшін пайдалану,

компьютердің көмегімен жасау - оларды жаңа көркемдік жасампаздық деңгейге шығаруды білдіреді.

Компьютерлік графика және дизайн бойынша бағдарлама көркемдік жоба құру процесінде білім алушылардың графикалық бағдарламалар мен компьютерлік графиканың мәнерлік құралдарын түрлі және саналы пайдалану қабілеттері мен дайындықтарын қалыптастыруға бағытталған. Жобалар шығармашылық ізденіс сипатында және графикалық дизайнның нысандарын құруға бағытталған.

Оқытудың базалық тәсілдері ретінде тұлғаға бағдарланған және кіріктірілген тәсіл пайдаланылады, ал негізгі қағидаттары болып даралау және пәнаралық байланыс қағидаттары табылады.

Бағдарлама компьютерлік графиканың көмегімен білім алушылардың сурет пен композицияның мәнерлік құралдарын оқып-үйренуге, қолданбалы-сәндік өнердің тілін үйренуге, сәндік, формалды композиция мен дизайн саласындағы білімдері мен біліктерін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Осы бағдарлама бойынша оқыту білім алушылардың түрлі деңгейлердегі байқауларда басқалармен бәсекелестікке түсінуіне итермелейтін, білім алушыларға жобалар құруға мүмкіндік беретін, жобалық біліктерін, көркемдік қабылдауларын, ой-қиялдарын тиімді дамытады.

Балалар көркемөнер мектептері жағдайындағы компьютерлік графиканы оқыту ерекшеліктері:

компьютерлік графиканы оқытуда білім алушылардың мүдделері мен эстетикалық қажеттіліктерін қалыптастыруға, сонымен қатар ескеруге мүмкіндік беретін тұлғаға бағдарланған тәсілді іске асыру;

адамгершілік, эстетикалық мәні бар шығармашылық, қоғамдық және практикалық маңызды компьютерлік жобаларды іске асыру;

зерттеу жобаларын құруға мүмкіндік беретін және терең және мықты білім мен білікті қалыптастыруды қамтамасыз ететін пәнаралық байланыстарды қолдану;

компьютерлік графиканы білім алушылардың дәртүрлі, академиялық қызметіне кіріктіру және көрнекілік, дидактикалық және интерактивті технологияларды пайдалану.

Компьютерлік графика - дизайн өнерін оқып-үйренудегі әмбебап құрал болып табылады, себебі оны суретшінің ойлаған ойын орындаудың қосымша құралы, сондай-ақ жобалаудың жеке бөлігі болып табылады.

Бағдарламаны меңгеру заманауи дизайнның көптеген бағыттарын оқып-үйрену барысында қолданылатын теориялық және практикалық білімдерін қалыптастырады.

"Компьютерлік графика және дизайн" оқу пәнін меңгеру



барысында алған білімдері видеомонтаж, үш өлшемді модельдеу және анимация саласында компьютерлік бағдарламаларды әрі қарай меңгеруге арналған фундамент болады.

"Компьютерлік графика және дизайн" оқу пәні білім алушылардың компьютерлік технология тәсілдерімен графикалық жобаларды орындау бойынша білім, білік және дағдыларды алуға, және оларды одан әрі практикалық және шығармашылық қызметте пайдалануға, білім алушылардың көркендік талғамын, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, келесі оқытуға оқыту-танымдық әуәждемелеуге бағытталған.

"Компьютерлік графика және дизайн" оқу пәнінің бағдарламасын меңгеру алған дағдыларын пайдаланып шығармашылық тапсырмаларды орындау жолымен компьютерлік технологияларды оқып-үйренуге негізделген, олар білім алушылардың сезімталдылық, бейнелі ойлау сияқты қасиеттерін дамытуға, сондай-ақ жобалау қабілеттерінің дамуына әсер етеді.

Білім алушы формальді композицияның барлық негізгі заңдылықтарын иегереді және дизайнерлік шығармашылыққа саналы тәсілмен қарауға арналған құралдарды пайдалана алады.

Білім алушылардың белсенді шығармашылық жұмысы аудиторияда, сондай-ақ өз бетімен, әр оқылатын тақырып бойынша тапсырмаларды орындаудан тұрады.

Балалар көркемөнер мектептері мен өнер мектептеріне арналған "Компьютерлік графика және дизайн" пәні боойынша білім беру бағдарламасы компьютерлік технологияларды пайдалана отырып, көркемөнер шығармашылық мазмұнын, web-дизайны негіздерін анықтайды, ақпараттық және техникалық дағдыларды қалыптастырады және дизайнерлік білікті дамытады.

Оқыту-тәрбиелеу процесі білім алушылардың жеке және жас ерекшеліктерін, олардың дамуларын, оқу дайындығының деңгейлері ескеріліп жоспарланған.

Білімді игеруде, білім алушылардың сабақтарға деген қызығушылықтарын оятуда қол жетімді болуына, жүйеліліктің және реттіліктің болуына үлкен назар аударылады.

Бағдарлама сурет, композиция, кескіндеме, графика және өнер тарихы бағдарламаларымен тығыз байланысты.

Бағдарламаны оқытудың практикаға бағытталуын тоериямен байланыстыру, шығармашылық ізденіс, оқытудың сараланған тәсіліне сәйкес оқытудың жаңа әдістері мен тәсілдерін енгізу ерекшелейді.

Компьютерлік графика бағдарламасы көркемдік білімді қалыптастыру процесінде компьютерлік дизайн негіздеріне мақсатты, саналы түрде оқыту қажеттілігіне негізделіп құрылады.

Ойдағы бейнені компьютерге түсіру үшін балаларға шығармашылық қиял мен елестетудің қанық болуы жеткіліксіз,

сонымен қатар графикалық бағдарламаларын және құралдарын игеруде білім, білік, дағдылары, олармен жұмыс істеу қабілеттері болуы қажет. Сондықтан көркемдік бейнені қалыптастырудың бір бөлігін бейнелі ойлауды дамыту құраса, келесі бөлігін композиция заңдары туралы білімге сүйеніп, қажетті техника мен технологияны пайдаланып компьютер экранында бейне жасау процесіне оқытуға бөлінеді.

Бірінші кезеңде білім алушылар көптеген графикалық қосымшалар жұмыс істейтін, компьютермен жұмыс істеудің негізгі ережелері, "компьютерлік қауіпсіздіктің" басты қағидаттары және Paint қарапайым графикалық редакторы орналасқан Windows сыртқы интерфейсін оқып үйренеді.

Екінші кезең білім алушылардың заманауи дизайнерге қажетті Photoshop и CorelDRAW-та маңызды графикалық қосымшаларды теориялық және практикалық меңгеруіне арналған. Дәл осы екі бағдарлама компьютерлік графика нарығы жүйесінде басшылық және дерлік еңбегіне лайық орынды иеленді.

Бағдарламаның мазмұны жалпы методологиялық қағидаттарға негізделеді:

- оқу материалының білім беру сипаты;
- оқу материалының практикамен байланысы;
- оқу материалының негіздері және жүйені құру сипаты;
- оқытылатын курстардың кіріктірілуі;
- оқу материалының дамыту сипаты;
- аралық пәндердің өзара байланысы және өзара шарттылығы.
- идеялық мазмұны мен көркемдік формасының тұтастығы;
- тұлғаны үйлесімді мәдени дамыту;
- идеялық ортақтылығы және өнердің өзара байланыстылығы;
- жас ерекшеліктерін ескеру.

Бағдарламаны құру және іске асырудың негізгі қағидаттары:

- қолжетімділік және реттілік;
- жүйелілік;
- ғылымилық;
- өзектілік;
- жас ерекшеліктерін ескеру;
- білім беру процесінің қатысушыларының саналылығы және белсенділігі;
- саралап оқыту;
- көрнекіліктер;
- теория мен практиканың байланыс қағидаттары;
- оқыту компоненттерінің дамытушылық және тәрбиелілік компонентпен үйлесімділігі;
- мазмұнының түрлілігі, тақырыптардың түрлілігі, педагогтың шығармашылығы;

ойын - педагогикалық әсер етудің бір жолы.

Жүйелілік және сатылылық қағидаты жаңа оқу материалдарды өту барысында ертеректе қабыдағандарды есіне түруден, оның нақтылау және толқытырудан тұрады.

Қолжетімділік және оқытудағы күш жетерлік қағидаты педагогтен әр білім алушыға арналған оқу материалының күрделілік және түсіндірудің тереңдік деңгейін нақты бекітуді талап етеді;

Белсенділік және өз бетінше жұмыс жасау қағидаты – саналы түрдегі белсенді және өздік жұмыс әрқашан оқу материалдарын жақсы игеруге және мейлінше мықты бекітуге алып келеді;

Ғылымилық қағидаты педагогке білімді тұлғаның психологиялық-педагогикалық ерекшеліктеріне, оның дамуына сүйене отырып, ғылыми ережелермен бекітіп жеткізуді міндеттейді;

Көрнекілік – заттық-кеңістіктік ортаны бақылауды, зерттеуді және талдауды дұрыс ұйымдастырумен тығыз байланысты, бұл заттар мен көріністер туралы дұрыс пайымдауға, сондай-ақ орындалатын жұмыстар мен жобалардың сапасына әсер етеді.

Балалардың білім, білік және дағдыралды игеруі, шығармашылық қызмет тәжірибесін алуы сияқты жалпы дамытушылық бағыты осы бағдарламаның ерекшелігі болып табылады.

Бағдарлама білім алушылардың:

оқу материалын игеруге;

өзінің үй жұмысын жоспарлай білуге;

өз еңбегіне объективті баға бере білуге;

білім беру процесінде педагог пен білім алушылардың арасындағы өзара әрекеттестік дағдыларын қалыптастыруға әсер ететін жеке қасиеттерін қалыптастыруға бағдарланған.

Сабақтардың бағдарламасы білім алушылардың практиканы теориялық біліммен бір уақытта алатындай етіп құрылған, сабақтардың бұлай құрылуы өте жемісті және мақсатты болып табылады.

Сабақтарды өткізудің ұсынылатын формалары: дәрістер, әңгімелесулер, көрсетілімдер, өзіндік практикалық жұмыс, практикалық жұмыс, жобалық қызмет. Оқу уақытының көп бөлігі практикалық жаттығулар мен өздік жұмысқа бөлінеді.

Теориялық бөлімі білім алушылардың компьютерлік графика және дизайн пәнінің теориялық негіздерін оқытуды жобалайды, сонымен бірге оқыту формасы - әңгімелесу және оқу материалдарын көрсететін элементтері бар дәрістер болып табылады.

Мазмұны шығармашылық білімін оқу және шығармашылық тәжірибесінде пайдалануға бағытталғандықтан, «Компьютерлік графика және дизайн» оқу пәнінің сабақтарының негізгі түрі практикум болып табылады.

Бағдарлама компьютерлік графика құралдарымен орындалатын

көптеген жеңіл жаттығуларды орындау арқылы графикалық дизайн негіздерін оқып-үйренуді жобалайды. Тапсырмалар шыармашылық сипатта жасалған және жеке орындау жылдамдығына қарай құрылған.

Оқыту мазмұны - білім алушылардың осы саладағы білімдері мен біліктерін өз бетімен игеруге қызығушылық танытуға итермелейтін компьютерлік графиканың негізгі элементтерін (түсінігін, даму тарихын, міндеттерін, мәселелерін); компьютерлік графика жүйесінің құрал-саймандарын, оқу қызметіндегі графикалық жүйені өз бетімен қолдану дағдыларын қалыптастыруды; қажетті нәтижеге қол жеткізу үшін компьютерлік графика арқылы пәндік міндеттерін шешудің сәйкес келетін алгоритмін өз бетімен таңдау тәсілдерін игеруді жобалайды.

Негізгі оқу міндеттері оқу жылының басында қойылады, күрделенген тапсырмалармен жұмыс істеу кезінде олар одан әрі қиындатылады және кеңейтіледі.

Пән бойынша сабақтардың негізгі мақсаты - білім алушыларға компьютер құралдары арқылы сурет салуды үйрету, ойлауды үйрету, ой-қиялдарын дамыту және түрлі компьютерлік құралдар арқылы өз ойларын практика жүзінде іске асыру.

Оқу-тақырыптық жоспар оқу сағаттарын бөлуді көрсете отырып, бағдарламаның бөлімдері мен тақырыптарын оқытудың реттілігін көрсетеді:

1) мәселелі оқыту технологиясы (мұғалімнің жетекшілігімен мәселелі жағдай тудыртып және оларды шешу жолында білім алушылардың белсенділік танытуын болжайтын, оның нәтижесінде білімді шығармашылықпен игеру және сабақтарды ойлау қабілеттерін дамыту жүзеге асатындай етіп ұйымдастыру);

2) оқытуды даралап жүргізу технологиясы (мұғалімнің әр оқушымен жеке өзара әрекеттестігі, сондай-ақ әр білім алушының мультимедиялық құралдармен, басқа да ақпарат көздерімен өзара әрекеттестігі іске асатындай етіп сабақтарды ұйымдастыру);

3) ой қызметтерін сатылап қалыптастыру технологиясы (жаңалықтарды игеру бірнеше кезеңдерде жүзеге асатындай сабақтарды ұйымдастыру);

4) міндетті нәтижелер негізінде деңгеймен саралап оқыту технологиясы (сабақтарды бұлай ұйымдастыру - сабақтар білім алушылардың мүмкіндіктері мен қабілеттері деңгейінде іске асады);

5) тұлғалардың шығармашылық қасиеттеріне бағытталған дамытушылық оқыту технологиясы (әр тұлғаны кемеңгер ретінде қабылдай отырып ұйымдастырылған сабақ);

6) оқытудың өзін-өзі дамытушылық технологиясы (сабақтарды бұлай етіп ұйымдастыруда мақсаттардың басымыдылығы өзін жетілдіретін адамды қалыптастыруға, тұлғаны өзін-өзі басқаратын

тетіктерді қалыптастыруға, тұлғаның өзін жетілдіру доминантын тәрбиелеуге бағыттау іске асады);

7) көркемдік-шығармашылық процесті үлгілеу әдісі (өнер шығармасын меңгерудегі белсенді, қызметтікке бағытталған етіп сабақты ұйымдастыру).

«Компьютерлік графика және дизайн» пәнінің мақсатына қол жеткізу және міндеттерін іске асыруда оқытудың келесі әдістері пайдаланылады:

1) сөзбен жеткізу әдісі (әңгімелесу элементтері бар дәріс - компьютерлік графика мен дизайнның теориялық негіздерін түсіндіру);

2) көрнекілік әдіс (компьютерлік графика мен дизайндағы мүмкін болатын барлық бейнелерді, репродукцияларды, схемаларды, жобалармен жұмыс тәсілдерін көрсету);

3) практикалық әдіс (дизайнерлік бағдарламаларда жұмыс істеу дағдыларын меңгеру және электронды түрде жобаның композициялық тақырыбын орындау);

4) эмоциялық әдіс (ассоциацияларды, бейнелерді, көркемдік әсерлерді таңдау).

Бағдарламаны іске асыру үшін жұмыстың негізгі әдісі - дамытушылық оқыту (мәселелі, ізденісті, шығармашылық) қолданылады;

Саралап оқыту (деңгейлік жеке тапсырмалар, бағдарламаның негізгі моделінің түрлілігі), ойын түрінде.

Әдістерді таңдау білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктеріне байланысты болады. Оқытудың барлық процесі қарапайымнан күрделіге қарай құрылуы тиіс.

Сабақтарды өткізудің түрлі формалары қолданылады. Дәрістер күрделі емес, бірақ теориялық материалдың көп көлемі, әр тақырып бойынша теориялық негіздерді оқып-үйренуге арналған.

Оқу барысындағы пікірталас танымдық қызығушылыққа итермелейді, білім алушыларды қандай да бір мәселе бойынша түрлі ғылыми көзқарасты белсенді талқылауға баулиды, өзгелердің дәйектері мен өз көзқарасына деген түрлі тәсілдерді түсінуге итермелейді. Білім алушыларға ойлауды, сөз таластыруды, өзінің дұрыс екендігін дәлелдеуді үйретеді.

Әңгімелесудің элементтері бар дәріс - әр тақырып бойынша мейлінше күрделі және маңызды сұрақтарды білім алушылармен жалпы талдағандықтан, алдыңғыларға қарағанда тиімді әдіс болып табылады.

Ақпараттық процесті, жағдайды модельдеу дегеніміз - білім алушыларға информатика және ақпараттық технологиялар тұрғысынан нақты өмірлік жағдайлар ұсынылады.

Топтық тапсырма – тәрбиеленушілер топтарға бірігіп, оларға

ұсынылған міндеттерді ұжыммен талқылайды. Содан кейін барлық топпен талқылап, кеткен қаталерді анықтау және талдау жасау жүргізіледі.

Жобалық қызмет - жеке өздерінің немесе топтық жобаны құру және қоғау - білім алушылардың ақыл-ой және шығармашылық уәждемелерін мейлінше кең ашуға, ұжымда жұмыс істеуді үйренуге мүмкіндік береді.

Оқытудың барлық кезеңдерінде компьютерлік көрмелерге бару, атақты дизайнерлермен кездесулер ұйымдастырылып отырады.

Білім алушының өздік жұмысы әр сабақтың маңызды құрамдасы болып табылады. Білім алушының өздік жұмысының тақырыбы игерген дағдыларымен анықталады. Материал келесі түрде көрсетіледі:

1) олармен жұмыс істеу үшін негізгі түсініктер мен әдістерді қайталау;

2) сабақтың тапсырмаларын орындамас бұрын үйренуге қажетті оқулықтың бөліміне сілтеме жасалынады;

3) жұмыстың негізгі тәсілдері. Жұмыстың бұл кезеңі негізгі жұмыс дағдыларын алу үшін өз бетімен тапсырмаларды орындауды болжайды. Әр тапсырмада мақсат тұжырымдалады және оған қол жеткізудің амал-тәсілдері беріледі;

4) өз бетімен орындауға арналған жатттығулар;

5) өз бетімен орындауға арналған жобалар.

Теориялық сұрақтарды практикада бірден бекіту үшін бағдарламаның теориялық және қолданбалы бөлігі бір мезгілде жүргізіледі.

Жүйелі түрде қайталап отыру, оқыған материалдарын мейлінше тұтас түсінуге ықпал етеді, себебі бұрынға оқыған тақырыптарына мақсатты қарау - білім алушылардың алған білім жүйесінде жаңа түсініктер құруына мүмкіндік береді.

Ереже бойынша бағдарламаның кезекті бөлімін оқып-үйренгеннен кейін, еркін тақырыптағы тапсырмалар балардың оқып отырған материалдарды бекітуі, назар қоюды дамытуы, ұқыптылықтары, шыдамдылықтары, шығармашылық белсенділіктерін дамытуға ықпал етеді.

Оқытудың үшінші және төртінші жылдарында күрделі сатылы талдауды және жұмыстың орындалуын талап ететін жобаларды орындау ерекше орын алады. Жобалар материалды кешенді бекітуге көмектеседі, көрме қызметінде қолданылады, сонымен қатар алған білімдерін қолдануды көрсетудің нұсқасы болып табылады.

Оқу материалы білім алушылардың жобалық ойлауын қалыптастыруға арналған дизайн және композиция сезімін практика түрінде дамыту саласындағы көркемдік-композициялық шығармашылық заңдылықтары туралы білім жүйесін қалыптастыруға

және көркемдік-бейнелікті қалыптастырудың әдістемелік қағидаттарын игеруге бағытталған.

Оқу және өздік жұмыстарды өткізу әдістері келесі негізгі кезеңдерді қарастырады:

1) тапсырманың тақырыбы бойынша теориялық материалды түсіндіру, алдыңғы тақырыптармен және қатар өтіліп жатқан пәндермен (олар болған жағдайда) байланысты қалыптастыру, қабілетті, дағды мен білікті қалыптастырудағы осы тақырыптың ролін, орнын және мәнін анықтау;

2) әдістемелік мақсатты қою, нақты оқу міндеттері мен алдағы жұмыс мазмұнын тұжырымдау, сонымен қатар соңғы нәтижелердің шарттарын, талаптарын, шектеулері мен бағалау өлшемдерін анықтау;

3) пысықталатын тақырыптың мазмұнымен байланысты мейлінше маңызды сұрақтарды ұжыммен немесе жеке талдау жүргізу, қойылған міндеттерді шешудің тиімді бағыттарын, әдістері мен құралдарын анықтау;

4) болжамды шешімнің мазмұны, шығармашылық ойды практикада іске асырудың негізгі композициялық-көркемдік сипаттамалары мен композициялық-мәнерлілік құралдарынан тұратын сапартма материалдарының қысқа сипаттамасы;

5) есептік материалдарды ұжымдық талдау, ұсынылған шешім мен оны іске асыру құралдарын түзету;

6) ұсынылған шешімнің нобайлы жобасы, оның талқылануы және педагогпен бекітілуі;

7) соңғы өңдеу және электронды түрде таза орындалуы;

8) орындалған жұмыстарды қарап шығу, оларды ұжыммен тақылау және қойылған бағаға негіздеме беру.

Үй тапсырмасы ретінде нобайларды әзірлеу және нобайларды орындау, жобаға арналған өз материалын дайындау болуы мүмкін.

Стандартты тапсырмаларға арналған барлық материалдарды педагог ұсынады. Курс бойынша материалдарды оқыту "спираль" бойынша жүзеге асады, яғни білім алушылар алдыңғы кезеңде оқыған материалдарын жүйелі түрде қайталап отырады. Бұл әдіс балалардың жастарына сәйкес, түрлі сатылардағы тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді.

Жобалау әдісі - білім алушылардың ақпараттық мәдениетін тәрбиелеу және әлемнің толық ақпараттық картинасын қалыптастыру сияқты басты тәрбие міндетін мейлінше тиімді іске асырады.

Жобалық жұмыс білім алушының өз бетінше шешім қабылдауын, көркемдік шешім мәнмәтініндегі соңғы материалды сараптауды көрсетуі тиіс.

Нақты жобаны әзірлеудің міндеті - тапсырылған шарттар негізінде нақты нысанды, дизайн жасау серияларын құру болып

табылады.

Білім алушы өз мүмкіндіктері мен сәйкес оқыту деңгейінің міндеттерін шеше алатындығын көрсетуі тиіс:

1) таңдалған өнер түріне, сонымен қатар көркемдік шығармашылықтың басқа салаларына қатысты арнайы әдебиттерде бағдарлана алады;

2) өнерді дамытудың негізгі заңдылықтарын біледі және түсінеді;

